**"Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 404 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 қазанда № 30015 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 286 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.06.2023 № 286 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10370 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар адамдарды абилитациялаудың және оңалтудың кейбір мәселелері туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 9-1), 9-5) 9-6) және 9-7) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар

адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емдеуді ұсыну қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидалары бекітілсін.";

1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қызметтер саясатын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1 және 2-тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.Д. Оспановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі* | *Т. Дуйсенова* |

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2022 жылғы 3 қазандағы
№ 404 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 22 қаңтардағы
№ 26 бұйрығына
1-қосымша

## Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету қағидалары ( бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 1-тармағының 9-1-тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасының (бұдан әрі – АОЖБ) жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің (бұдан әрі – жеке көмекшінің қызметтері) әлеуметтік қызметтерін беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы (бұдан әрі – портал) – әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйесі, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" және "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес жергілікті

атқарушы органдардың тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеуі шарттарымен оларды сатып алу мүмкіндігін беретін ақпараттандыру объектісін білдіреді;

2) жеке көмекші – жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды бірге алып жүру және объектілерге барған кезде көмек көрсету бойынша әлеуметтік қызметтер көрсететін адам;

3) проактивті көрсетілетін қызмет – қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша берілетін, қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алу субъектісінің ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы берілген келісімі міндетті түрде қажет болатын, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет.

3. Жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсынуға медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерді ескере отырып әзірлеген АОЖБ негізінде жүзеге асырылады.

4. Жеке көмекшінің қызметтері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсынуға өтінішке сәйкес АОЖБ іс-шараларын іске асыру мерзіміне мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсынылады.

5. Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар немесе олардың заңды өкілдері не мүгедектігі бар адамнан жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу құқығына сенімхат алған адамдар (бұдан әрі – өтініш беруші) "Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өтінішті ( бұдан әрі – өтініш) тұрғылықты жері бойынша:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының (бұдан әрі – қалалық басқармалар), аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) (бұдан әрі – жұмыспен қамту бөлімдері);

3) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал);

4) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – абоненттік нөмір) – проактивті көрсетілетін қызмет арқылы береді.

Проактивті көрсетілетін қызмет арқылы рәсімдеу кезінде өтінішті ұсыну талап етілмейді.

"Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" проактивті қызметін көрсету тәртібі осы Қағидалардың 2-тарауының 2-параграфында көзделген.

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы "Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" қызметін көрсету тәртібі осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфында көзделген.

6. Қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің мамандары өтініштерді "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – "Е-Собес" ААЖ) кезегінің электрондық журналына олардың түсу ретіне қарай тіркейді.

## 2-тарау. "Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

### 1-параграф. Мемлекеттік корпорация, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері арқылы өтініш беру негізінде "Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

7. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті алу үшін Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту бөліміне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінішпен және "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ұсынылатын мүгедектігі бар адамның жеке басын куәландыратын құжатпен не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) электрондық құжатпен жүгінеді.

8. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің жауапты қызметкерлері өтінішті қабылдау кезінде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді алу үшін "Электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) мүгедектігі бар адамның жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша сұрау салуларды қалыптастырады.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке жоғарыда көрсетілген мәліметтерді қамтитын қағаз жеткізгіштегі құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

Ұсынылған түпнұсқалармен құжаттардың көшірмелері салыстырылғаннан кейін өтінішті қабылдаған жауапты қызметкер тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатқа немесе осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес берілетін талонға белгі қою арқылы куәландырады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

9. Құжаттарды тапсыру кезінде өтініш берушіге:

Мемлекеттік корпорацияда – тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат;

қалалық басқармада, жұмыспен қамту бөлімінде – тіркелген күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон.

10. Өтініш беруші осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелері, жұмыспен қамту бөлімдері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

11. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді . Мемлекеттік корпорацияның құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің ( бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады.

Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері туралы өтініш берушінің абоненттік нөміріне смс-хабарлама беру арқылы хабардар етеді.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін қалалық басқармаларға, жұмыспен қамту бөлімдеріне береді. Өтініш беруші бір ай өткен соң жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқармалардың және жұмыспен қамту бөлімдерінің сұрау салуы бойынша дайын құжаттарды өтініш берушіге беру үшін бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама беріледі.

13. Мемлекеттік қызметі көрсету мәселелері бойынша қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар бойынша қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері басшыларының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады;

2) Мемлекеттік корпорациясы қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның кеңсесіне қолма-қол да, пошта арқылы да келіп түскен шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметті көрсету

сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің бөлімшесіне келіп түскен арыз берушінің шағымы келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей және әкімшілік іс шағымды қарайтын органға жіберіледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі, егер шағым үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға оны жібермеуге құқылы.

Қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің бөлімшесіне келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген кезде өтініш беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

## 2-параграф. "Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметтерін қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" проактивті мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

14. "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) сәйкес жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну жөніндегі іс-шараларды қамтитын АОЖБ "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылғаннан кейін АОЖБ-ның деректері автоматты түрде "Е-Собес" ААЖ-ға беріледі және мүгедектігі бар адамның немесе оның заңды өкілінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) абоненттік нөміріне мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салумен смс-хабарлама жіберуге бастамашылық жасалады.

Көрсетілетін қызметті алушы смс-хабарлама арқылы тиісті кодпен проактивті қызмет көрсетуге келісімін немесе бас тартуын растайды.

15. Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін алған кезде осы қызметтерді ұсынуға оған құжаттардың рәсімделгенін растау туралы смс-хабарлама жіберіледі.

Проактивті қызмет арқылы жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеуге өтініш берген күн рәсімдеуге келісім алған күн болып есептеледі.

16. Көрсетілетін қызметті алушыдан жауап болмаған кезде сұрау салу жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сұрау жойылады және көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігін көрсете отырып, жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

17. Көрсетілетін қызметті алушы проактивті қызмет көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-дан жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігін көрсете отырып смс-хабарлама жіберіледі.

18. Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін алған кезде қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің маманы "Е-Собес" ААЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушыны жеке көмекшінің қызметін ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу жөнінде қабылданған шешім туралы абоненттік нөмірге смс-хабарлама арқылы хабардар етеді.

19. Көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген смс-хабарлама осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша смс-хабарламалар электрондық журналында тіркеледі.

20. Проактивті қызмет арқылы жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін ақпараттық жүйелерге сұрау салулар "Е-Собес" ААЖ-дан автоматты түрде жүзеге асырылады.

**3-параграф. Веб-портал арқылы "Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

21. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне өтінішті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы жолдайды.

Өтініш "электрондық үкімет" шлюзі арқылы берілген кезде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді автоматты түрде қалыптастыру үшін мүгедектігі бар адамның жеке сәйкестендіру нөмірі сұратылады.

Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен пайдаланушының порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен алады.

22. Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жібереді.

23. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде өтініш қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі уәкілетті адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжатты қоса бере отырып, өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы мәртебе жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың топтамасы сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

24. Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

25. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11-тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

## 3-тарау. Жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну тәртібі

26. Жеке көмекшінің қызметін ұсыну портал немесе мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылады.

27. Жеке көмекшінің қызметтерімен қамтамасыз ету стационарлық емделу және толық мемлекеттік қамсыздандыруда болуы кезеңіне тоқтатыла тұрады.

### 1-параграф. Портал арқылы жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну тәртібі

28. "Е-Собес" ААЖ-да тіркелгеннен кейін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсынуға арналған өтініштер мүгедектігі бар адамның АОЖБ-сының деректері кезектілік тәртібімен "Е-Собес" ААЖ-дан порталға беріледі.

АОЖБ деректері Заңның 32-бабының 3-тармағына сәйкес күніне сегіз сағаттан аспайтын есеппен жеке көмекшінің көрсететін қызметтерінің көлемін қамтиды.

Жеке көмекші көрсететін қызметтерінің көлемін "Іс-шараларды жоспарлау" модулінің деректерін ескере отырып, қалалық басқарманың мамандары, "Е-Собес " ААЖ-дан жұмыспен қамту бөлімдері порталға тоқсан сайын немесе ағымдағы жылдың соңына дейін немесе ағымдағы жылы мүгедектік кезеңі аяқталғанға дейін жібереді.

29. Мобильді азаматтар базасында өтініш берушінің абоненттік нөмірі туралы мәліметтер болған кезде, оның абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-мен порталда жеке көмекшінің қызметін жеткізушіні авторизациялау және таңдау қажеттілігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

30. Порталда өнім берушіні таңдауды өтініш беруші АОЖБ іс-шараларының порталға жіберілгені туралы хабарлаған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырады.

31. Өтініш берушінің интернет-ресурсқа қолжетімділігі болмаған жағдайда, өтініш беруші Мемлекеттік корпорацияның, халықты жұмыспен қамту

орталығының, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің өзіне-өзі қызмет көрсету секторына жүгінеді.

32. Өтініш беруші өнім берушіні таңдамаған кезде АОЖБ деректері порталға берілген күннен бастап бір ай ішінде өтініш берушінің абоненттік нөміріне " Е-Собес" ААЖ-дан келесі ай ішінде порталда өнім берушіні таңдау қажеттігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

33. АОЖБ деректерін порталға берген күннен бастап екі ай өткен соң өтініш берушіде өнім берушіні таңдау мүмкіндігі бұғатталады және өтініш берушінің абоненттік нөміріне себебін көрсете отырып, өнім берушіні таңдау мүмкіндігін бұғаттау туралы смс-хабарлама жіберіледі. Порталда өнім берушіні таңдауды жаңарту үшін өтініш беруші порталдағы жеке кабинетте "өнім берушіні таңдауды іске қосу" батырмасын басады.

Өнім берушіні таңдауды іске қосу туралы мәліметтер порталдан "Е-Собес" ААЖ-ға автоматты түрде беріледі, одан кейін өтініш беруші "Е-Собес" ААЖ-дағы кезектілікті ескере отырып, өнім берушіні порталда таңдайды.

34. Заңның 32-2-бабына сәйкес жеке көмекшінің қызметтерін көрсететін өнім берушіні таңдауды жүзеге асыру үшін өтініш беруші http://aleumet.egov.kz порталда авторизацияланады, ЭЦҚ арқылы жария шартқа қол қояды.

35. Өтініш беруші порталда "Мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы сатқан кезде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 14 бұйрығымен (бұдан әрі – 14 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19902 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ЭЦҚ-мен қол қойылған кепілдік берілген соманы өтеуге арналған өтінішке бір мезгілде қол қоя отырып, өнім берушіге жеке көмекшінің қызметін ұсыну тапсырысын рәсімдейді және жібереді.

36. Өнім беруші Тапсырыс порталда түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде келесі бас тарту себептерін көрсете отырып, өнім берушінің ЭЦҚ қойылған тапсырысты қабылдау немесе жеке көмекшінің қызметін көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қарайды және "пайдаланушының жеке кабинетіне " жібереді:

өнім берушілер тізілімінен (тіркелімінен) алып тастауға өтініш берілді;

маманның (мамандардың)жүктемесі салдарынан қызмет көрсетудің мүмкін еместігі;

қызмет алушының тұрғылықты жерінде көрсетілмейді;

бұрын алушыға куәлардың жазбаша айғақтарымен расталған маманның ( мамандардың) атына негізсіз қорлау және адами қадір-қасиетін қорлайтын айыптар себебінен қызмет көрсетуден бас тартылды;

форс-мажорлық жағдайларға байланысты қызмет көрсетудің мүмкін еместігі (төтенше жағдайлар, дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің басқа да мән-жайлары).

37. Өнім беруші қызмет көрсетілген күннен бастап порталдағы "өнім берушінің жеке кабинеті" модулінде көрсетілген қызметтерді есепке алу журналында жеке көмекшінің көрсетілген қызметтерінің уақытын есепке алу үшін жазбалар жүргізеді.

Жеке көмекшінің қызметін алатын мүгедектігі бар адамды қайтадан куәландыру (қайта куәландыру) кезінде өнім беруші АОЖБ-ны қайтадан куәландыру (қайта куәландыру) – жабу күніне дейін көрсетілген қызметтерді есепке алу журналына жазуды жүзеге асырады.

"Е-Собес" ААЖ-да АОЖБ әлеуметтік оңалту іс-шарасының орындалуы туралы деректер автоматты түрде толтырылады.

38. Жеке көмекшінің қызметтері АОЖБ іс-шарасын іске асыру мерзіміне ұсынылады.

Алушы мынадай бас тарту себептерін көрсете отырып, өзі таңдаған өнім беруші жеке көмекшінің қызметін мынадай себептер бойынша одан әрі ұсынудан бас тартады:

өнім берші қызмет көрсетуге уақытылы кіріскен жоқ;

өнім беруші қызмет көрсету мерзімі мен уақытын жүйелі түрде бұзады;

өнім беруші тиісті емес сападағы қызметтерді көрсетті және өнім беруші кемшіліктерді мен белгілеген мерзімде жоймады;

өнім беруші тарапынан менің мекен-жайыма адамның қадір-қасиетін қорлайтын бірнеше рет негізсіз қорлау және айыптау;

басқа тұрғылықты жерге көшу.

Өнім беруші мынадай бас тарту себептерін көрсете отырып, жеке көмекшінің қызметін одан әрі ұсынудан бас тартады:

форс-мажорлық жағдайлар (төтенше жағдайлар, дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің басқа да мән-жайлары) себебі бойынша қызмет көрсетудің мүмкін еместігі;

куәлардың жазбаша айғақтарымен расталатын, қызмет алушы немесе оның отбасы мүшелері тарапынан адамның қадір-қасиетін қорлайтын негізсіз қорлаулар мен айыптаулар;

қызметтер көрсетуге негіз болған нормативтік құқықтық актінің күшін жою.

**2-параграф. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну тәртібі**

39. Жеке көмекшінің қызметтерін сатып алу мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Заңның 32-1-бабының 3-тармағында көзделген мынадай:

1) мүгедектігі бар адам тұратын елді мекенде сымды интернет болмаған жағдайда;

2) порталда тіркелген жеке көмекшінің немесе жеке көмекшінің қызметтері болмағанда;

3) мүгедектігі бар адамның портал арқылы жеке көмекшінің қызметін сатып алудан бас тарту туралы өтініші болған жағдайларда жүзеге асырылады.

**3-параграф. Жеке көмекшінің қызметіне ақы төлеу тәртібі**

40. Жеке көмекшінің қызметтеріне ақы төлеуді қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері қызмет көрсетудің нақты уақыты үшін, бірақ Заңның 32-3-бабының 3-тармағына сәйкес күніне сегіз сағаттан асырмай жүргізеді.

Жеке көмекшінің бір сағатта көрсететін қызметтеріне ақы төлеуді есептеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің он екі процентінің есебі негізге алына отырып жүргізіледі.

41. Жеке көмекшінің қызметтері үшін кепілдік берілген соманы өтеу № 14 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады.

42. Жеке көмекшінің қызметіне ақы төлеу өнім беруші ұсынған "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі негізінде, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жеке көмекшінің сүйемелдеу парағын (бұдан әрі – ақы төлеуге арналған құжаттар) қоса бере отырып, ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

Өнім берушіге ақы төлеу өтініш беруші тапсырыс қабылданғаны туралы өнім берушінің хабарламасын алған күннен бастап нақты көрсетілген уақыт үшін жүзеге асырылады.

өнім беруші Мүгедектігі бар адам қайтыс болған жағдайда төлем құжаттарын қайтыс болған күннен бастап бір ай ішінде мүгедектігі бар адамның қолын қоймай ұсынады.

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес жүріп-тұруы қиын
бірінші топтағы мүгедектігі бар

адамдар үшін жеке көмекшінің
әлеуметтік қызметтерін
көрсету қағидаларына
1-қосымша

**Жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсынуға медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер**

1. Жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсынуға:

1) толық соқырлық;

2) түзетумен екі көзінің де 0,03-ке дейін көру жітілігі;

3) елеулі немесе айқын түрде білінетін вестибулярлық мишықтың бұзылуы;

4) елеулі немесе айқын түрде білінетін гиперкинетикалық амиостатикалық синдром;

5) паркинсонизм (елеулі немесе айқын түрде білінетін акинетикалық-регидтік түрі);

6) елеулі немесе айқын түрде білінетін: ауру немесе жарақаттар салдарынан туындаған гемипарез, төменгі парапарез, трипарез;

7) гемиплегия, триплегия, параплегия;

8) елеулі немесе айқын түрде білінетін қанайналымы және тыныс функцияларының бұзылуы (III кезеңдегі қанайналым жеткіліксіздігі, IV функционалдық сыныпты стенокардияға сәйкес қан тамыр жеткіліксіздігі, II-III және III кезеңдегі өкпе-жүрек жеткіліксіздігімен қосарланған III дәрежелі тыныс жеткіліксіздігі және т.б.);

9) елеулі немесе айқын түрде білінетін несеп шығару жүйесі қызметінің бұзылуы (III-IV дәрежедегі созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі);

10) буын функцияларының III-IV дәрежеде бұзылуымен қатар ағзаның статикалық-динамикалық функцияларының елеулі немесе айқын түрде білініп бұзылуы;

11) қолдардың екеуінің де протездеуге арамсыз және жүріп-тұру құралдарының қолданылуын қиындататын ампутациялық тұқылдары;

12) қолдардың екеуінде де протездеуге жарамсыз және жүріп-тұру құралдарының қолданылуын қиындататын туа біткен ауытқулардың болуы;

13) екі санның протездеуге жарамсыз ампутациялық тұқылдары;

14) протездеуге жарамсыз жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын , қолдардың білінетін функционалдық бұзушылықтары бар балтырлардың ампутациялық тұқылдары;

15) жүріп-тұрудың III дәрежеде бұзылуымен қоса, аяқтардың дамуындағы туа біткен ауытқулар;

16) қолдардың жүріп-тұру құралдарының қолданылуын қиындатып айқын білінетін функционалдық бұзылушылықтарымен қосарланған буындар

функцияларының III-IV дәрежеде бұзылуымен қоса жамбастың және тізе буындарының екеуінің де функционалдық тұрғыдан қолайсыз қалыптағы анкилоздары;

17) қолдардың жүріп-тұру құралдарының қолданылуын қиындатып айқын білінетін функционалдық бұзылушылықтарымен қосарланған буындар функцияларының III-IV дәрежеде бұзылуымен қоса, жамбастың және тізе буындарының екеуінің де елеулі немесе айқын білінетін контрактуралары медициналық көрсетілімдер болып табылады.

2. Мамандандырылған медициналық ұйымдарда емделуді талап ететін мынадай аурулар:

1) бактерия тарататын туберкулез (БК+);

2) жұқпалы тері және шаш аурулары;

3) жыныс аурулары;

4) неврозды, невроз тәріздес жай-күйлерді, жеңіл дәрежедегі есуастықты, ұстамалары сирек (2-3 айда бір реттен аспайтын) түрлі этиологиядағы тырыспа синдромдарын қоспағанда, жарыместіксіз және жеке тұлғаның білініп бұзылуынсыз орны алатын психикалық бұзушылықтар мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсынуға медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады.

Мүгедектігі бар адамды<br>абилитациялаудың және<br>оңалтудың жеке бағдарламасына<br>сәйкес жүріп-тұруы қиын<br>бірінші топтағы мүгедектігі бар<br>адамдар үшін жеке көмекшінің<br>әлеуметтік қызметтерін<br>көрсету қағидаларына<br>2-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы<br>органның басшысына<br>_________________________<br>_________________________

**Жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсынуға өтініш**

Тегі _________________________________________________________

Аты __________________________________________________________

Әкесінің аты (бар болса) _________________________________________

Туған күні: __________________________________________________

Мүгедектік ______________________________________________________________
_
Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _________________________________
__
Құжат нөмірі: _______________________ кім берген: _____________________
Берілген күні: "____" ________________________ ______ жылы
Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____________________________________________
__
Тұрақты тұратын (тіркелген) жерінің мекенжайы
Облыс __________________________________________________________________
__
қала (аудан) _________________________ ауыл: ______________________________
__
көше (шағын аудан) ____________________ -үй ______ -пәтер ___________
Телефон ________________________________________________________________
__
Жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсыну үшін:
Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы
Мемлекеттік сатып алу арқылы құжаттар қабылдауды сұраймын.
(керегінің астын сызу)
Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

| Р/с № | Құжаттың атауы | Құжаттағы парақтар саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту құралдары мен қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу үшін қажетті ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

20____ жылғы "____" ____________________________________________________
_______

________________________________________________________________________
_______

(Өтініш берушінің (заңды өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

________________________________________________________________________
________

(Өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы)

20____ жылғы "____" ______________________________________________
________

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -- - - -
- - - - - - -

кесу сызығы

Азаматтың өтініші ____________________________________________ қабылданды.

Өтінішті қабылдау күні 20___жылғы "____"

________________________________________________________________
________

(Өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы)

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес жүріп-тұруы қиын
бірінші топтағы мүгедектігі бар
адамдар үшін жеке көмекшінің
әлеуметтік қызметтерін көрсету
қағидаларына
3-қосымша

| "Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);<br>2) Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының (бұдан әрі – қалалық басқармалар), аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО ( бұдан әрі – жұмыспен қамту бөлімдері);<br>3) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – абоненттік нөмір) – проактивті қызмет);<br>4) www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал). |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1) Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаларға, жұмыспен қамту бөлімдеріне жүгінген кезде – құжаттар топтамасы тіркелген күннен бастап – он жұмыс күні.<br>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жұмыспен қамту бөлімдері Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады;<br>2) Мемлекеттік корпорацияда құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдерінде – 30 минут;<br>3) Мемлекеттік корпорацияда өтініш берушіге қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдерінде – 30 минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Қағаз түрінде/проактивті /электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсынуға құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама. Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне смс-хабарлама жіберу арқылы қабылданған шешім туралы өтініш берушіні хабардар етеді. Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің " жеке кабинетіне" жіберіледі. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде өтініш берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының | Тегін |

| | | |
|---|---|---|
| | заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.<br>Қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібімен жүзеге асырылады, электрондық кезекті веб-портал арқылы броньдауға болады;<br>2) қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.00-ге, 14.30-ға, 15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге, 18.30-ға, 19.00-ге дейін.<br>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;<br>3) веб-порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | Мемлекеттік корпорацияда, қалалық басқармаларда және жұмыспен қамту бөлімдерінде:<br>1) мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидаларына ( бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін ұсынуға өтініш;<br>2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат ( сәйкестендіру үшін);<br>3) мүгедектігі бар адамнан сенімхат алған адам жүгінген кезде нотариалды куәландыруды талап етпейтін мүгедектігі бар адамнан сенімхат.<br>Жеке басты куәландыратын, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттар туралы, мүгедектігі туралы, тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған АОЖБ-ның әзірленген іс-шаралары туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелері, жұмыспен қамту бөлімдері уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады; Веб-порталға: өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық сұрау салу. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) өтініш берушінің және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | | дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:<br>1. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган – www. enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>2. Мемлекеттік корпорацияның – www.gov4c.kz. Өтініш берушінің жұмыспен қамту бөлімдерінің, қалалық басқармалардың анықтамалық қызметтері, "1414" Бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 7777 арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін ЭЦҚ немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.<br>Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, көрсетілетін қызметті көрсетуші Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету қағидалары бектілген және өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзекті етеді және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды. |

Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына

сәйкес жүріп-тұруы қиын
бірінші топтағы мүгедектігі бар
адамдар үшін жеке көмекшінің
әлеуметтік қызметтерін
көрсету қағидаларына
4-қосымша

Нысан

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып,

_____________________________________________________________________________

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының № __ бөлімі

(мекенжайын көрсету)/республикалық маңызы бар, астананың, аудандардың және

облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы)

Сіздің мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға және ( немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарға байланысты "Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды, атап айтқанда: жоқ құжаттардың/қолдану мерзімі өткен құжаттардың атауы:

1) _________________________________;

2) _________________________________;

3) _________________________________.

қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден екі данада жасалды.

_____________________________________________________________________________

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының № __ бөлімі

(мекенжайын көрсету)/республикалық маңызы бар, астананың, аудандардың және

облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы орган қызметкерінің тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Алдым:

______________________________________________________________________
________
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (қолы) (бар болса)
20___ жылғы "___" ___________

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес жүріп-тұруы қиын
бірінші топтағы мүгедектігі бар
адамдар үшін жеке көмекшінің
әлеуметтік қызметтерін
көрсету қағидаларына
5-қосымша

Нысан

**Хабарлама**

Тегі _________________________________________________________________
________

Аты _________________________________________________________________
________

Әкесінің аты (бар болса) ______________________________________________
________

Құжаттың нөмірі: _______________________ кім берген: ___________________
________

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____________________________________________
________

Тұрақты тұратын (тіркелген) жерінің мекенжайы:

Облыс _______________________________________________________________
________

Қала (аудан) _________________________________________________________
___ ауыл:

______________________________________________________________________
_________

Көше (шағын аудан) ____________________ -үй _____________ -пәтер ______
_________

Жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсетуге құжаттарды рәсімдеу туралы хабардар етеміз.

Өтініш қабылданды және "Е-собес" ААЖ кезегінің электрондық журналында 20__ жылғы "__" _____ № __ нөмірімен тіркелді.

Әлеуметтік қызметтер порталында өнім берушіні таңдау мүмкіндігі туралы ( aleumet.egov.kz) мобильді азаматтар базасында тіркелген Сіздің абоненттік ұялы байланысының телефон нөміріңізге смс-хабарлама жіберілетін болады.

Мемлекеттік органның басшысы ___________________________________

(тегі, аты, әкесінің (бар болса)

20___ жылғы "___" ____________

Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету қағидаларына 6-қосымша

Нысан

**Смс-хабарлама журналы ___________________________________________________ ___________________ (протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, міндетті гигиеналық құралдар, жеке көмекшінің қызметтері, ымдау тілі маманының қызметтері, санаторий-курорттық емдеу, кресло-арбалар)**

| Р/с № | Жеке сәйкестендіру нөмірі | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Туған күні | Іс № | Протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, міндетті гигиеналық құралдар, жеке көмекшінің қызметтері, ымдау тілі маманының қызметтері, санаторий-курорттық | Хабраламаның сипаты/жауаптың коды | Смс-хабарлама жіберілген кезең | Телефон № | Маман |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | емделу, кресло-арбалар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету қағидаларына
7-қосымша

Нысан

**Жеке көмекшінің ілесіп жүру парағы ___________________________________________ ___________________________ Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), телефоны мекенжайы бойынша тұратын________________________________________ _______ 20___ жылғы ____________ ай үшін**

_______________

| Р/с № | Күні | Мүгедектігі бар адам жеке көмекшінің ілесіп жүруімен келген объектілердің тізбесі | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| | | | |

__________________________________________________

Жеке көмекшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы/ЭЦҚ

______________________________________________________________________

Өтініш берушінің қолы /ЭЦҚ
20___ жылғы "____" ____________

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2022 жылғы 3 қазандағы
№ 404 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 22 қаңтардағы
№ 26 бұйрығына
2-қосымша

## Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емделуді ұсыну қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емделуді ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы " Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 1-тармағының 9-7-тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мүгедектігі бар адамды оңалтудың жеке бағдарламасына (бұдан әрі – АОЖБ) сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емделуді ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы (бұдан әрі – портал) – әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйесі, ол "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" және "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеуі шарттарымен оларды сатып алу мүмкіндігін беретін ақпараттандыру объектісін білдіреді;

2) проактивті көрсетілетін қызмет – қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша берілетін, қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алу субъектісінің ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы берілген келісімі міндетті түрде қажет болатын, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

3) санаторий-курорттық емделу – адамдардың санаторий-курорттық ұйымда уақытша болуы жағдайында жүргізілетін медициналық оңалту түрі.

3. Санаторий-курорттық емделуді ұсыну осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мүгедектігі бар адамдарды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге медициналық қарсы көрсетілімдерді ескере отырып, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі әзірлеген АОЖБ негізінде жүзеге асырылады.

4. Санаторий-курорттық емделу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша санаторий-курорттық емделу әлеуметтік қызметтерін ұсынуға берілген өтінішке сәйкес АОЖБ іс-шарасын іске асыру мерзіміне мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсынылады.

5. Мүгедектігі бар адамдар немесе олардың заңды өкілдері не мүгедектігі бар адамның атынан санаторий-курорттық емделуді ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу құқығына сенімхат негізінде әрекет ететін адамдар (бұдан әрі – өтініш беруші) "Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды

санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өтінішті мүгедектігі бар адамның тұрғылықты жері бойынша:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының (бұдан әрі – қалалық басқармалар), аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) (бұдан әрі – жұмыспен қамту бөлімдері);

3) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал);

4) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – абоненттік нөмір) – проактивті көрсетілетін қызмет арқылы береді.

"Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" проактивті қызметін көрсету тәртібі осы Қағидалардың 2-тарауының 2-параграфында көзделген.

"Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге, мүгедектігі бар баланы санаторий-курорттық емделуге алып жүретін заңды өкілінің санаторий-курорттық ұйымында болуына құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсету тәртібі осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфында көзделген.

6. Қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің маманы өтініштерді "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің кезегінің электрондық журналына (бұдан әрі – "Е-Собес" ААЖ) олардың түсу ретіне қарай тіркейді.

7. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға санаторий-курорттық емделуге жолдама Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 937-бабына сәйкес жұмыс берушінің есебінен беріледі (Ерекше бөлім).

8. Жұмыс беруші – дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған, сондай-ақ оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға санаторий-курорттық емделу Заңның 20-бабына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен беріледі.

## 2-тарау. "Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

**1-параграф. Мемлекеттік корпорация, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері арқылы өтініш беру негізінде "Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

9. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті алу үшін Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту бөліміне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінішпен және "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ұсынылатын мүгедектігі бар адамның жеке басын куәландыратын құжатпен не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) электрондық құжатпен жүгінеді.

10. Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің жауапты қызметкерлері өтінішті қабылдау кезінде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді алу үшін " Электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) мүгедектігі бар адамның жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша сұрау салуларды қалыптастырады.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке жоғарыда көрсетілген мәліметтерді қамтитын қағаз жеткізгіштегі құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

Ұсынылған түпнұсқалармен құжаттардың көшірмелері салыстырылғаннан кейін өтінішті қабылдаған жауапты қызметкер тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатқа немесе осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес берілетін талонға белгі қою арқылы куәландырады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

11. Құжаттарды тапсыру кезінде өтініш берушіге:

Мемлекеттік корпорацияда – тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат;

қалалық басқармаларда, жұмыспен қамту бөлімдерінде – тіркелген күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

12. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелері,

жұмыспен қамту бөлімдері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

13. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттар сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді . Мемлекеттік корпорацияның құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады.

Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері туралы өтініш берушінің абоненттік нөміріне смс-хабарлама беру арқылы хабардар етеді.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін қалалық басқармаларға, жұмыспен қамту бөлімдеріне береді. Өтініш беруші бір ай өткен соң жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқармалардың және жұмыспен қамту бөлімдерінің сұрау салуы бойынша дайын құжаттарды өтініш берушіге беру үшін бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

15. Қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар бойынша қалалық басқармалары, жұмыспен қамту бөлімдері басшыларының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, оны қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады;

2) Мемлекеттік корпорацияның қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Қолма-қол да, почта арқылы да келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу болып табылады ( мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады).

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімінің және Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей және әкімшілік іс шағымды қарайтын органға жіберіледі.

Бұл ретте, Мемлекеттік корпорация, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері, егер шағым үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің бөлімшесіне келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген кезде өтініш беруші Мемлекеттік қызметі көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

**2-параграф. "Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" проактивті мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

16. "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) сәйкес санаторий-курорттық емделуді ұсыну жөніндегі іс-шараларды қамтитын АОЖБ " Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылғаннан кейін АОЖБ-ның деректері автоматты түрде "Е-Собес" ААЖ-ға беріледі және мүгедектігі бар адамның немесе оның заңды өкілінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) абоненттік нөміріне мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салумен смс-хабарлама жіберуге бастамашылық жасалады.

Көрсетілетін қызметті алушы смс-хабарлама арқылы тиісті кодпен проактивті қызмет көрсетуге келісімін немесе бас тартуын растайды.

17. Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін алған кезде осы қызметтерді ұсынуға оған құжаттардың рәсімделгенін растау туралы смс-хабарлама жіберіледі.

Проактивті қызмет арқылы санаторий-курорттық емделуді ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеуге өтініш берген күн рәсімдеуге келісім алған күн болып саналады.

18. Көрсетілетін қызметті алушыдан жауап болмаған кезде сұрау салу жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сұрау жойылады және көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігі көрсетіле отырып, санаторий-курорттық емделуді ұсыну үшін құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

19. Көрсетілетін қызметті алушы проактивті қызмет көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-дан

санаторий-курорттық емделуді ұсыну үшін құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігін көрсете отырып смс-хабарлама жіберіледі.

20. Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін алған кезде қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің маманы "Е-Собес" ААЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушыны санаторий-курорттық емделуді ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу жөнінде қабылданған шешім туралы абоненттік нөмірге смс-хабарлама арқылы хабардар етеді.

21. Көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген смс-хабарлама осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша смс-хабарламалар электрондық журналында тіркеледі.

22. Проактивті қызмет арқылы санаторий-курорттық емделуді ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін ақпараттық жүйелерге сұрау салулар "Е-Собес" ААЖ-дан автоматты түрде жүзеге асырылады.

**3-параграф. Веб-портал арқылы "Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

23. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне өтінішті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы жолдайды.

Өтінішті "электрондық үкімет" шлюзі арқылы берген кезде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді автоматты түрде қалыптастыру үшін мүгедектігі бар адамның жеке сәйкестендіру нөмірі сұратылады.

Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен пайдаланушының порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен алады.

24. Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі өтініш берушінің веб-порталдағы "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жібереді.

25. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде өтініш қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті адамның ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжатты қоса бере отырып, өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы мәртебе жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың топтамасы сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

26. Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

27. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11-тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

**3-тарау. Санаторий-курорттық емделуді ұсыну тәртібі**

28. Санаторий-курорттық емделуді ұсыну портал немесе мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылады.

29. Санаторий-курорттық емделу күнтізбелік жылда бір реттен артық емес он төрт тәуліктен аспайтын мерзімге беріледі.

Санаторий-курорттық емделуге жол жүру шығыстарын төлеу мүгедектігі бар адамның қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Мүгедектігі бар баланы санаторий-курорттық емделуге алып жүретін заңды өкілдің бірінің жол жүру шығыстарын төлеу алып жүрушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

30. Мүгедектігі бар адам, мүгедектігі бар бала санаторий-курорттық ұйымға келген кезде санаторий-курорттық емделу қызметтерін берушіге (бұдан әрі – Өнім беруші):

жеке басты куәландыратын құжат;

"Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 069/е нысаны бойынша санаторий-курорттық карта;

санаторий-курорттық емделуді портал арқылы ұсынған кезде – осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнім берушіден порталда алынған төсек-орынның болуын растау туралы хабарлама (бұдан әрі – төсек-орынның болуын растау туралы хабарлама) ұсынады.

**1-параграф. Санаторий-курорттық емделуді портал арқылы ұсыну тәртібі**

31. "Е-Собес" ААЖ-да тіркелгеннен кейін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша санаторий-курорттық емделуді ұсынуға арналған өтініш мүгедектігі бар адамның АОЖБ деректері кезектілік тәртібімен "Е-Собес" ААЖ-дан порталға беріледі.

Мобильді азаматтар базасында өтініш берушінің абоненттік нөмірі туралы мәліметтер болған кезде, оның абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-дан порталда авторизациялау және өнім берушіні таңдау қажеттілігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

32. Порталда өнім берушіні таңдауды өтініш беруші АОЖБ іс-шараларының порталға жіберілгені туралы хабарлаған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырады.

33. Өтініш берушінің интернет-ресурсқа қолжетімділігі болмаған кезде, өтініш беруші Мемлекеттік корпорацияның, халықты жұмыспен қамту орталығының, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің өзіне-өзі қызмет көрсету секторына жүгінеді.

34. Өтініш беруші өнім берушіні таңдамаған кезде АОЖБ деректері порталға берілген күннен бастап бір ай ішінде өтініш берушінің абоненттік нөміріне " Е-Собес" ААЖ-дан келесі ай ішінде порталда өнім берушіні таңдау қажеттігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

35. АОЖБ деректерін порталға берген күннен бастап екі ай өткен соң өтініш берушіде порталда өнім берушіні таңдау мүмкіндігі бұғатталады және өтініш берушінің абоненттік нөміріне себебін көрсете отырып, өнім берушіні таңдау мүмкіндігін бұғаттау туралы смс-хабарлама жіберіледі. Порталда өнім берушіні таңдауды жаңарту үшін өтініш беруші порталдағы жеке кабинетте "өнім берушіні таңдауды жандандыру" батырмасын басады. Өнім берушіні таңдауды жандандыру туралы мәліметтер порталдан "Е-Собес" ААЖ-ға автоматты түрде беріледі, одан кейін өтініш беруші "Е-Собес" ААЖ-дағы кезектілікті ескере отырып, өнім берушіні порталда таңдайды.

36. Заңның 32-2-бабына сәйкес жеке көмекшінің қызметтерін көрсететін өнім берушіні таңдауды жүзеге асыру үшін өтініш беруші порталда авторизацияланады, ЭЦҚ арқылы жария шартқа қол қояды.

37. Өтініш беруші порталда "Мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы сатқан кезде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 14 бұйрығымен (бұдан әрі – 14 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19902 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ЭЦҚ-мен қол қойылған кепілдік берілген соманы өтеуге арналған өтінішке бір мезгілде қол қоя отырып, өнім берушіге санаторий-курорттық емделуді ұсыну тапсырысын рәсімдейді және жібереді.

38. Өнім беруші тапсырыс түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде порталда қарайды және "пайдаланушының жеке кабинетіне" өнім берушінің ЭЦҚ қойылған төсек-орынның бар екенін растау туралы хабарламаны немесе төмендегі бас тарту себебін көрсете отырып, санаторий-курорттық емделуді ұсынудан бас тарту туралы хабарламаны жібереді:

осы төсек-орынға бір мезгілде екі және одан да көп өтінім рәсімделген;

санаторий-курорттық ұйым Әлеуметтік қызметтер порталындағы өнім берушілер тізілімінен алып тастау сатысында және өз міндеттемелерін орындай алмайды;

форс-мажорлық жағдайлар (төтенше жағдайлар, дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің басқа да мән-жайлары);

мүгедектігі бар адам санаторий контингентіне жатпайды.

39. Өнім беруші порталда мынадай деректерді енгізеді:

мүгедектігі бар адамның санаторий-курорттық ұйымға келу күні мен уақыты және оның кетуі туралы;

мүгедектігі бар адамның тапсырыста көрсетілген мерзімдерде санаторий-курорттық ұйымға келмеуі туралы;

мүгедектігі бар адам санаторий-курорттық ұйымға келгеннен кейін мүгедектігі бар адам міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол автоматты түрде " Е-Собес" ААЖ-ға беріледі.

"Е-Собес" ААЖ-да АОЖБ әлеуметтік оңалту іс-шарасының орындалуы туралы деректер автоматты түрде толтырылады.

40. Өтініш берушінің өнім беруші қабылдаған тапсырысты жоюы санаторий-курорттық ұйымға келген күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, өнім берушіге порталдағы жеке кабинет арқылы ЭЦҚ қойылған төсек-орын тапсырысының күшін жою туралы хабарлама жіберу арқылы жүргізіледі. Бұл ретте, өтініш беруші бір ай ішінде порталда басқа өнім берушіні таңдайды.

41. Егер мүгедектігі бар адам өнім берушіні төсек-орын тапсырысының күшін жою туралы хабарламай санаторий-курорттық ұйымға келу күні бармай қалса, басқа өнім берушіні таңдау үшін порталға жіберу "Е-Собес" ААЖ-ға жалпы кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

42. Өнім беруші мүгедектігі бар адамның санаторий-курорттық ұйымға келу күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, өтініш берушінің жеке кабинетіне тапсырыстың күшін жою туралы ЭЦҚ қойылған хабарламаны жіберу арқылы тапсырыстың қабылданғаны расталғаннан кейін оған қызмет көрсетуден бас тартады, онда мынадай себептердің бірі көрсетіледі:

өнім беруші Өнім берушілер тізілімінен (тіркелімінен) алып тастауға өтініш берді;

форс-мажорлық жағдайлар (төтенше жағдайлар, дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің басқа да мән-жайлары).

**2-параграф. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес санаторий-курорттық емдеуді ұсыну тәртібі**

43. Санаторий-курорттық емделуді сатып алу мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Заңның 32-1-бабының 3-тармағында көзделген мынадай:

1) мүгедектігі бар адам тұратын елді мекенде сымды интернет болмаған жағдайда;

2) порталда тіркелген санаторий-курорттық емдеу жеткізушінің болмауы;

3) мүгедектігі бар адамның портал арқылы санаторий-курорттық емдеуді сатып алудан бас тарту туралы өтінішінің болуы жағдайларда жүргізіледі.

44. Санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз ету санаторий-курорттық жолдама (бұдан әрі – жолдама) беру арқылы жүзеге асырылады.

45. Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдамалар беру журналын (бұдан әрі – журнал) жүргізеді.

Жолдаманы қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі өтініште көрсетілген өтініш берушінің қолына береді.

46. Жолдаманы белгілі бір себептермен (қайтыс болуы, науқастануы және қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі дәлелді деп таныған себептермен) пайдалану мүмкін болмаған жағдайда, ол санаторий-курорттық ұйымға келген күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне қайтарылуға және кезектілік тәртібімен басқа адамға берілуге тиіс.

Жолдаманың қайтарылуы журналда тіркеледі.

Жолдаманы қайтарған мүгедектігі бар адамға жолдамалар болған кезде басқа кезеңге кіру ұсынылады.

47. Жолдама пайдаланылмаған немесе жолдамада көрсетілген келу басталғанға дейін үш күннен кешіктірілген кезде мүгедектігі бар адам "Е-Собес" ААЖ-да жалпы кезектілік тәртібімен санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етіледі.

### 3-параграф. Санаторий-курорттық емделуге ақы төлеу тәртібі

48. Санаторий-курорттық емделу үшін кепілдендірілген соманы өтеу № 14 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады.

49. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес санаторий-курорттық емделу ұсынылған кезде ақы төлеу "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін қоса бере отырып, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша санаторий-курорттық емделуді ұсыну ведомосының негізінде жүргізіледі.

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес мүгедектігі бар адамдар
мен мүгедектігі бар балаларға
санаторий-курорттық емделуді
ұсыну қағидаларына
1-қосымша

**Мүгедектігі бар адамдарды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге медициналық қарсы көрсетілімдер**

1. Жіті сатысындағы барлық аурулар, асқыну сатысындағы және (немесе) жіті іріңді процестермен асқынған созылмалы, сондай-ақ стационарлық емделуді қажет ететін, оның ішінде хирургиялық араласуды талап ететін барлық аурулар.

2. Оқшаулау мерзімі аяқталғанға дейінгі инфекциялық аурулар.

3. Жіті және жұқпалы түрдегі барлық венерологиялық аурулар.

4. Қатерлі жаңа өскіндер.

5. Аурулар өздігінен жүріп-тұра алмайтын және өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын, ұдайы күтімді қажет ететін (көру ағзасының аурулары бар адамдарға арналған, омыртқа жұлыны ауыратын науқастарға арналған мамандандырылған санаторийлерде емделуге тиіс адамдардан басқа) барлық аурулар.

6. Психикалық аурулар. Нашақорлық пен созылмалы маскүнемдіктің барлық түрлері.

7. Құрысу талмалары және олардың эквиваленті, ақыл-ес кемістігі, мінез-құлықтың және әлеуметтік бейімделуінің айқын байқалатын бұзылыстары бар адамның патологиялық дамуы.

8. Синкопалдық жай-күйі.

9. Кез келген жерде шоғырланған эхинококкоз.

10. Әртүрлі жағдайда жиі қайталанатын немесе көп қан кетулер.

11. Акушерлік паталогия бар болса барлық кезеңдегі жүктілік немесе 18 аптадан бастап қалыпты жүктілік (санаторий-курорттық емделуге жіберу сәтінде ).

12. Туберкулездің белсенді кезеңіндегі барлық формалары (туберкулездік емес профильдегі курорттар мен санаторийлер үшін).

13. Кез келген текті кахексия.

Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емделуді ұсыну қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы органның басшысы

______________________________

______________________________

**Санаторий-курорттық емделуді ұсынуға өтініш**

Тегі ___________________________________________________________

_

Аты ___________________________________________________________

_

Әкесінің аты (бар болса) ___________________________________________

_

Туған күні _____________________________________________________

_

Мүгедектігі ____________________________________________________

__

Жеке басты куәландыратын құжат түрі _______________________________

_

Құжаттың нөмірі: __________________ кім берген: ______________________

__

Берілген күні: "___" _______ _______ жылы

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _________________________________________

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы (тіркелген):

Облыс ____________________________________________________________

қала (аудан) _________________________ ауыл:

______________________________________________________________

__

көше (шағынаудан) _______ ____________ -үй _____ -пәтер _______________

Телефон __________________________________________

Санаторий-курорттық емделуді ұсыну үшін:

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағына сәйкес мүгедектігі бар баланы алып жүретін адамға;

мүгедектігі бар балаға;

мүгедектігі бар адамға

(керегін белгілеу)

Әлеуметтік қызметтер порталы;

Мемлекеттік сатып алу арқылы құжаттар қабылдауды сұраймын.

(керегінің астын сызу)

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

| Р/с № | Құжаттың атауы | Құжаттағы парақтардың саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, мүгедектігі бар

адамдарды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту құралдары мен қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу үшін қажетті ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

20 ____ жылғы "___" __________

____________________________________________________________________

(Өтініш берушінің (заңды өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

____________________________________________________________________

(Өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы)

20 _____ жылғы "__" __________

-------------------------------------------------------------------------------------------------------------

қию сызығы

Азамат ___________________________________ өтініші қабылданды.

Өтініш қабылданған күн "____" ____________ 20 ____ жыл.

____________________________________________________________________

(Өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы)

Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емделуді ұсыну қағидаларына
3-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| "Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары |
| | | 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының (бұдан әрі – қалалық басқармалар), аудандардың және |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО (бұдан әрі – жұмыспен қамту бөлімдері);<br>3) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – абоненттік нөмір) – проактивті қызмет);<br>4) www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1) Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелеріне, жұмыспен қамту бөлімдеріне жүгінген кезде – құжаттар топтамасы тіркелген күннен бастап – он жұмыс күні; проактивті қызмет көрсету кезінде – келісім түскен күннен бастап – он жұмыс күні. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады;<br>2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты Мемлекеттік корпорацияда – 15 минут, қалалық басқармаларда, жұмыспен қамту бөлімдерінде – 30 минут;<br>3) Мемлекеттік корпорацияда өтініш берушіге қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут, қалалық басқармаларда, жұмыспен қамту бөлімдерінде – 30 минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Қағаз түрінде/проактивті/ электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| | | Мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емделуге құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама. Мемлекеттік корпорация өтініш берушіге қабылданған шешім туралы өтініш берушінің абоненттік |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | нөміріне смс-хабарлама беру арқылы хабарлайды. Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде өтініш берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00 -ге дейін. Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз, электрондық кезек тәртібімен жүзеге асырылады, электрондық кезекті веб-порталы арқылы броньдауға болады;<br>2) қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сағат 13.00 -ден 14.00, 14.30, 15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00, 18.30, 19.00-ге дейін.<br>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезектілік тәртібінде көрсетіледі;<br>3) веб-порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының |

| | | |
|---|---|---|
| | | еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Мемлекеттік корпорацияда, қалалық басқармаларда және жұмыспен қамту бөлімдерінде:<br>1) мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емделуді ұсыну қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша санаторий-курорттық емделуді ұсынуға өтініш;<br>2) жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат ( сәйкестендіру үшін);<br>3) мүгедектігі бар адамнан сенімхат алған адам жүгінген кезде нотариалды куәландыруды талап етпейтін мүгедектігі бар адамнан сенімхат. Жеке басты куәландыратын, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттар туралы, мүгедектігі туралы, тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған АОЖБ-ның әзірленген іс-шаралары туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелері, жұмыспен қамту бөлімдері уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады. Веб-порталға: өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық сұрау салу. |
| | | 1) мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігі белгілену; |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 2) өтініш берушінің және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Арнаулы әлеуметтік қызметтерді алушылар болып табылатын бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды рәсімдеу көрсетілетін қызметті берушінің әлеуметтік қызметкерінің жәрдемдесуімен жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:<br>1. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган – www. enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>2. Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz.<br>Өтініш берушінің жұмыспен қамту бөлімдерінің анықтамалық қызметтері, "1414" Бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 7777 арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін ЭЦҚ немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада |

| | | |
|---|---|---|
| | | авторландырудан өту, одан әрі " Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, көрсетілетін қызметті көрсетуші Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету қағидалары бекітілген және өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзекті етеді және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды. |

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес мүгедектігі бар адамдар
мен мүгедектігі бар балаларға
санаторий-курорттық емделуді
ұсыну қағидаларына
4-қосымша

Нысан

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып,

________________________________________________________________________

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының № _ _ бөлімі

(мекенжайын көрсету) /республикалық маңызы бар, астананың, аудандардың және

облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы)

Сіздің мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға және ( немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды, атап айтқанда: жоқ құжаттардың/қолдану мерзімі өткен құжаттардың атауы:

1) ________________________________;

2) ________________________________;

3) ______________________________

ұсынуыңызға байланысты "Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады. Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

____________________________________________________________________
_______

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының № _ _ бөлімі

(мекенжайын көрсету)/республикалық маңызы бар, астананың, аудандардың және

облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы орган қызметкерінің

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Алдым:

____________________________________________________________________
__

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (қолы) (бар болса)

20___ жылғы "___" ___________

Мүгедектігі бар адамды<br>абилитациялаудың және<br>оңалтудың жеке бағдарламасына<br>сәйкес мүгедектігі бар адамдар<br>мен мүгедектігі бар балаларға<br>санаторий-курорттық емделуді<br>ұсыну қағидаларына<br>5-қосымша

Нысан

**Хабарлама**

Тегі ________________________________________________________________
_

Аты ________________________________________________________________
_

Әкесінің аты (бар болса) _____________________________________________
__

Құжаттың нөмірі: ________________________ кім берген: _________________
__

Жеке сәйкестендіру нөмірі: ______________________________________

Тұрақты тұратын (тіркелген) жерінің мекенжайы:

Облыс ______________________________________________________________
_

Қала (аудан) ________________ ауыл: ________________________________
_

Көше (шағын аудан) _________________ -үй _____________ -пәтер ________
__

Санаторий-курорттық емделуді көрсетуге құжаттарды рәсімдеу туралы хабардар етеміз.

Өтініш қабылданды және "Е-Собес" ААЖ кезегінің электрондық журналында 20 __ жылғы "__" _____ № ___ нөмірімен тіркелді.

Әлеуметтік қызметтер порталында өнім берушіні таңдау мүмкіндігі туралы ( aleumet.egov.kz) мобильді азаматтар базасында тіркелген Сіздің абоненттік ұялы байланысының телефон нөміріңізге смс-хабарлама жіберілетін болады.

Мемлекеттік органның басшысы ______________________________________
__

(тегі, аты, әкесінің (бар болса)

20___ жылғы "___" ____________

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес мүгедектігі бар адамдар
мен мүгедектігі бар балаларға
санаторий-курорттық емделуді
ұсыну қағидаларына
6-қосымша

Нысан

**Смс-хабарлама журналы ________________________________________________ ______________ (протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, міндетті гигиеналық құралдар, жеке көмекшінің қызметтері, ымдау тілі маманының қызметтері, санаторий-курорттық емдеу, кресло-арбалар)**

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жеке сәйкесте | Тегі, аты, әкесінің | | | Протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, міндетті гигиеналық құралдар, жеке | Хабарламаның | Смс-хабарлама | | |

| Р/с № | ндіру нөмірі | аты (бар болса) | Туған күні | Іс № | көмекшінің қызметтері, ымдау тілі маманының қызметтері, санаторий-курорттық емделу, кресло-арбалар | сипаты/жауаптың коды | жіберілген кезең | Телефон № | Маман |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емделуді ұсыну қағидаларына
7-қосымша

Нысан

**Төсек-орынның бар екенін растау туралы 20 __ ж. _____ № ___ хабарлама**

Құрметті _____________________________________ 20 __ ж. ___ _________ № ______ тапсырыста сіз рәсімдеген төсек-орынның бар екенін растау туралы Сізге хабарлаймыз.

Сізге тапсырыс сомасы туралы хабарлаймыз: ______ тг, "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағына сәйкес______ тг; қосымша ақы сомасы ______ тг.

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-3-бабына сәйкес санаторийге келген кезде қосымша ақы төлеу қажет.

Сіздің санаторийге келуіңізді 20 __ ж. __ ____ мына мекен-жайы бойынша күтеміз:

______________________________________________________________________ _______

______________________________________________________________________ _______

Шығу күні: 20 __ ж. __ ____ Сіздің санаторийде болу ұзақтығыңыз: ________ тәулікті құрайды.

Келу уақыты: сағ., шығу уақыты: сағат ___

Жолдама құнына мыналар кіреді:

1. Тамақтану: ___________________________________________

2. Диагностикалық, емдік және сауықтыру емшаралары:

Диагностика:

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

Емделу:

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

3. Тұру – санаторийге келгеннен кейін Сізді өзіңіз таңдаған төсек-орын күтеді :

- төсек-орын түрі: ________________________

- төсек түрі: ____________________________

- төсек өлшемдері: биіктігі: ___ см,

- төсек-орын орналасқан қабат: ___,

- төсек-орын орналасқан нөмірдің көлемі: ___ ш.м.,

- төсек-орын орналасқан нөмірдегі басқа төсектер саны: ___,

- мүгедектігі бар адамдар үшін қолайлы жағдайлар бар:

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

Санаторийге орналасу үшін өзіңізбен міндетті түрде мынадай құжаттар болуы керек:

1) жеке басты куәландыратын құжат;

2) санаторий-курорттық карта;

3) төсек-орынның болуын растау туралы хабарлама.

Сіздің қалауыңызға сәйкес Сізге санаторийге дейін трансфер беріледі.

Сіз бұл төсек-орынға тапсырыс беруден 3 күн бұрын бас тарта аласыз.

Туындаған сұрақтар бойынша сіз байланыс нөмірі арқылы санаторийге қоңырау шала аласыз, нөмірі: + 7 (7_ _ ) _ _ _ _ _ _

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес мүгедектігі бар адамдар
мен мүгедектігі бар балаларға
санаторий-курорттық емделуді
ұсыну қағидаларына
8-қосымша

Нысан

**Жолдама беру журналы**

| Р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | Мүгедектік санаты | Мекенжайы және телефоны | Өтінішті қабылдау күні | Жолдама берілген санаторийдің атауы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| Жолдама берілген кезең | Өтініш берушінің не жолдама алған адамның қолы | Жолдаманы қайтару күні | Билетті қайтару себептері | Өтініш берушінің не жолдаманы тапсырған адамның қолы |
|---|---|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | |

Ескертпе: Журнал өтініштердің келіп түсуіне қарай қатаң жүйелілікпен толтырылады.

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес мүгедектігі бар адамдар
мен мүгедектігі бар балаларға
санаторий-курорттық емделуді
ұсыну қағидаларына
9-қосымша

Нысан

**Санаторий-курорттық емделуді ұсынудың ведомосы ______________________________ ____________________________________________ Санаторий-курорттық емделуді көрсететін ұйымның атауы**

| № | Серия, жолдаманың нөмірі | Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | Тіркелген мекенжайы және телефоны | Келу күні | Шығу күні | Санаторий-курорттық емделу тәулік саны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

кестенің жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|

| Жалпы құны | Мемлекеттік сатып алу бойынша құнының үлесі | Алушының қосымша төлемі | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | |

Күні 20 ___ ж. " ____" ___________

Өнім беруші _______/____________________ қолы / қолтаңбаны толық жазу

МО

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2022 жылғы 3 қазандағы
№ 404 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 22 қаңтардағы
№ 26 бұйрығына
3-қосымша

## Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 1-тармағының 9-5) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2.2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

3.1) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы (бұдан әрі – портал) – әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйесі, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес, жергілікті атқарушы органдардың тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеуі

шарттарымен оларды сатып алу мүмкіндігін беретін ақпараттандыру объектісін білдіреді;

2) есту аппараты – мүгедектерге медициналық көрсетілімдерге байланысты берілетін және құлақ ішіндегі, түтік ішіндегі, құлақ сыртындағы, қалтадағы, көзілдірік ұясындағы, ауыстырып қондырылатын, ауа және сүйек арқылы дыбысөткізгіш болып бөлінетін микрофоннан, күшейткіш-түрлендіргіштен және телефоннан (динамика) тұратын электроакустикалық құрылғы;

3) есту аппаратын, сөйлеу процессорын ауыстыру – ауыстыру мерзімін ескере отырып есту аппаратымен, сөйлеу процессорымен қамтамасыз ету;

4) есту қабілеті бұзылған мүгедектігі бар балаларды кохлеарлық имплантациядан кейін есту-сөйлеуге бейімдеу – сурдологиялық зерттеп-карауға, консультация беруге, сөйлеу процессорын баптауға, оларды пайдалануды оқытуға және жаттықтыруға, әлеуметтік-психологиялық жұмыс жүргізуге, естуді қабылдауды, ауызша сөйлеуді және танымдық қызметті дамытуға бағытталған ата-аналар (заңды өкілдер) қатысатын іс-шаралар жүйесі;

5) кохлеарлық имплант – ішкі құлақтың жоқ немесе зақымдалған есту рецепторларының функциясын атқаратын және бас миының есту орталығына электрлік импульстерге түрленген дыбыстық ақпарат беретін медициналық аспап ;

6) кохлеарлық имплантация – бұл естуді қалпына келтіруге және терең есту мүкістігі немесе саңыраулығы бар адамдарды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған іс-шаралар жүйесін электродтық естуді протездеу түрі;

7) кохлеарлық имплантқа арналған сөйлеу процессоры – кохлеарлық имплантқа берілетін механикалық табиғаттың дыбыс толқынын электрлік импульсқа айналдыратын күрделі электрондық медициналық құрылғы (бұдан әрі – сөйлеу процессоры);

8) күрделі протездік-ортопедиялық құралдар – корсеттер, аппараттар, туторлар, жамбасты мүшелегендегі, қол мен аяқтың қысқа және ұзын тұқылдарындағы протездер, қатты бекітілетін протездер, күрделі ортопедиялық аяқ киім;

9) міндетті гигиеналық құралдар – табиғи физиологиялық қажеттіліктер мен мұқтаждықтарды қанағаттандыруға арналған құралдар;

10) проактивті көрсетілетін қызмет – қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша берілетін, қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алу субъектісінің ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы берілген келісімі міндетті түрде қажет болатын, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

11) протездік-ортопедиялық көмек – мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі

медициналық-техникалық көмектің мамандандырылған түрі және оларды пайдалануды үйрету;

12) протездік-ортопедиялық құралдар – кем аяқ-қолды немесе дененің басқа да мүшелерін алмастыратын, аурудың немесе денсаулыққа зақым келудің салдарынан организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функцияларының орнын толтыратын құралдар;

13) сурдотехникалық құралдар – есту қабілетінің бұзылуларын түзеуге және олардың орнын толтыруға арналған техникалық құралдар, оның ішінде дауысты күшейтетін байланыс және ақпарат беру құралдары;

14) техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар (бұдан әрі – ОТҚ) – протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық құралдар мен міндетті гигиеналық құралдар;

15) тифлотехникалық құралдар – мүгедектігі бар адамдардың көру қабілетінің бұзылуларын салдарынан жоғалтқан мүмкіндіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға бағытталған құралдар;

16) ұсақ протездік-ортопедиялық құралдар – бандаждар, супинаторлар, пронаторлар, балалардың профилактикалық шалбарлары;

17) арнаулы жүріп-тұру құралдары (бұдан әрі – кресло-арбалар) – мүгедектігі бар адамдардың белсенді және баяу жүріп-тұруына арналған техникалық көмек түрі.

3. Мүгедектігі бар адамдарды, 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары (бұдан әрі – ҰОС қатысушылары) 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектігі бар адамдарды (бұдан әрі – ҰОС мүгедектігі бар адамдары), сондай-ақ ҰОС мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, ОТҚ және кресло-арбалармен қамтамасыз ету осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын беруге арналған өтініштің (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі протездік-ортопедиялық көмекті, техникалық көмекші ( орнын толтырушы) құралдарды және арнаулы жүріп-тұру құралдарын ұсынуға медициналық-әлеуметтік көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерге сәйкес әзірлеген мүгедектігі бар адамдарды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасының (бұдан әрі – АОЖБ) әлеуметтік бөлігінің негізінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

ҰОС қатысушылары өтінішке "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № 34 бұйрығына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27505 болып тіркелген) сәйкес медициналық ұйымның дәрігерлік-консультативтік комиссиясының қорытындысын қоса береді.

4. ҰОС қатысушылары мен ҰОС мүгедектігі бар адамдары, сондай-ақ жеңілдіктер бойынша ҰОС мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамдар, мүгедектігі бар адамдар немесе олардың заңды өкілдері не мүгедектігі бар адамнан протездік-ортопедиялық көмек, ОТҚ және кресло-арбалар ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу құқығына сенімхат алған адамдар (бұдан әрі – өтініш беруші) тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының (бұдан әрі – қалалық басқармалар), аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) (бұдан әрі – жұмыспен қамту бөлімдері);

3) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал);

4) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі –абоненттік нөмір) – проактивті қызмет арқылы өтініш береді.

Проактивті қызмет арқылы рәсімдеу кезінде өтінішті ұсыну талап етілмейді.

"Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды рәсімдеу" проактивті қызмет көрсету тәртібі 2-тараудың 2-параграфында, "Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу" 4-тараудың 2-параграфында, "Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу" осы Қағидалардың 6-тарауының 2-параграфында көзделген.

"Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсету тәртібі 2-тараудың 3-параграфында, "Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші және (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" 4-тараудың 3-параграфында, " Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" осы Қағидалардың 6-тарауының 3-параграфында көзделген.

5. Қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің маманы өтініштерді " Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің кезегінің электрондық журналына (бұдан әрі – "Е-Собес" ААЖ) олардың түсу ретіне қарай тіркейді.

Протездік-ортопедиялық көмек, ОТҚ және кресло-арбалар ұсыну портал немесе мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылады.

6. Протездік-ортопедиялық көмекпен, ОТҚ және кресло-арбалармен қамтамасыз ету осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес протездік-ортопедиялық құралдарды, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын алған күннен бастап оларды ауыстыру мерзімдерін ескере отырып, "Е-собес" ААЖ-да бастапқы тіркелген өтінішке сәйкес АОЖБ іс-шарасын іске асыру мерзімі ішінде жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бар адамға, ҰОС қатысушысына және ҰОС мүгедектігі бар адамына, сондай-ақ ҰОС мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамға ( бұдан әрі – алушы) "Е-собес" ААЖ-мен протездік-ортопедиялық құралдарды, ОТҚ және кресло-арбаларды ауыстыру мерзімдерін ескере отырып, кезекке қою үшін оларды ауыстыруға келісім беруге сұрау салумен смс-хабарлама жіберіледі.

Алушы смс-хабарлама арқылы тиісті кодпен ауыстыруға немесе ауыстырудан бас тартуға келісімін растайды.

Алушыдан келісім алған немесе алушыдан жауап болмаған кезде сұрау салу жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде алушы протездік-ортопедиялық құралдарды, ОТҚ және кресло-арбаларды ауыстыруға кезекке енгізіледі.

7. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 937-бабына (Ерекше бөлім) сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен, ОТҚ және кресло-арбалармен жұмыс берушінің қаражаты есебінен АОЖБ-ға сәйкес қамтамасыз етіледі.

8. Жұмыс беруші-дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған, сондай-ақ оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек, ОТҚ және кресло-арбалар Заңның 22-бабына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен беріледі.

9. Мүгедектігі бар адамдарға берілген ОТҚ және кресло-арбаларды сату және басқа адамға беруге жатпайды.

## 2-тарау. "Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

### 1-параграф. Мемлекеттік корпорация, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері арқылы өтініш негізінде "Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

10. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу"

мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) алу үшін өтініш беруші "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ұсынылатын, мүгедектігі бар адамның тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне өтінішпен және мүгедектігі бар адамның жеке басын куәландыратын құжатпен не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) электрондық құжатпен жүгінеді.

11. Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің жауапты қызметкерлері өтінішті қабылдау кезінде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді алу үшін " Электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) мүгедектігі бар адамның жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша сұрау салуларды қалыптастырады.

Жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдар протездік-ортопедиялық көмек алуға өтініш берген кезде:

1) өндірістегі мүгедектікке алып келген жазатайым оқиға туралы;

2) кінәсінен жұмыста мертігуге ұшырау немесе кәсіптік ауруға шалдығу болған жұмыс берушінің – дара кәсіпкердің қызметін тоқтату немесе заңды тұлғаны тарату туралы қосымша мәліметтер сұратылады.

ҰОС қатысушылары, ҰОС мүгедектігі бар адамдары өтінішке ҰОС қатысушылар, ҰОС мүгедектігі бар адамдар немесе ҰОС мүгедектігі бар адамға теңестірілген адам куәлігін қоса береді.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке жоғарыда көрсетілген мәліметтерді қамтитын қағаз жеткізгіштегі құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

Ұсынылған түпнұсқалармен салыстырғаннан кейін құжаттардың көшірмелерін өтінішті қабылдаған жауапты қызметкер тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатқа немесе осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес берілетін талонға белгі қою арқылы куәландырады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

12. Құжаттарды беру кезінде өтініш берушіге:

Мемлекеттік корпорацияда – тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат;

қалалық басқармаларда, жұмыспен қамту бөлімдерінде – тіркелген және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

13. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелері, жұмыспен қамту бөлімдері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттар сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді .

Мемлекеттік корпорацияның құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда, қалалық басқарма, Жұмыспен қамту бөлімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің ( бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады.

Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері туралы өтініш берушінің абоненттік нөміріне смс-хабарлама беру арқылы хабардар етеді.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін қалалық басқармаларға, жұмыспен қамту бөлімдеріне береді. Өтініш беруші бір ай өткен соң жүгінген кезде

Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелерінің, жұмыспен қамту бөлімдерінің сұрау салуы бойынша бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды өтініш берушіге беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

16. Қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар бойынша қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері басшыларының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдерінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Қолма-қол да, почта арқылы да келіп түскен Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың және жұмыспен қамту бөлімінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей және әкімшілік іс шағымды қарайтын органға жіберіледі.

Бұл ретте, Мемлекеттік корпорация, қалалық басқармалар және жұмыспен қамту бөлімі және егер шағым үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген

талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметті нәтижелерімен келіспеген кезде өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

**2-параграф. "Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды рәсімдеу" проактивті мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

17. "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығына (бұдан әрі – № 44-бұйрық) ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде№ 10589 болып тіркелген) сәйкес жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну жөніндегі іс-шараларды қамтитын АОЖБ "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылғаннан кейін ОЖБ-ның деректері автоматты түрде "Е-Собес" ААЖ-ға беріледі және мүгедектігі бар адамның немесе оның заңды өкілінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) абоненттік нөміріне мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салумен смс-хабарлама жіберуге бастамашылық жасалады.

Көрсетілетін қызметті алушы смс-хабарлама арқылы тиісті кодпен проактивті қызмет көрсетуге келісімін немесе бас тартуын растайды.

18. Көрсетілетін қызметті алушыдан проактивті қызмет көрсетуге келісім алған кезде оған осы қызметті ұсынуға құжаттардың рәсімделгенін растау туралы смс-хабарлама жіберіледі.

Проактивті қызмет арқылы протездік-ортопедиялық көмекті ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеуге өтініш берген күн осы қызметті ұсынуға құжаттарды рәсімдеуге келісім алған күн болып саналады.

19. Көрсетілетін қызметті алушыдан жауап болмаған жағдайда, сұрау салу жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сұрау жойылады және көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгіну себебі мен қажеттілігін

көрсете отырып, протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

20. Көрсетілетін қызметті алушы проактивті қызмет көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-дан санаторий-курорттық емдеуді ұсыну үшін құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігін көрсете отырып смс-хабарлама жіберіледі.

21. Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін алу кезінде қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің маманы

"Е-Собес" ААЖ көрсетілетін қызметті алушыны оның абоненттік нөміріне смс-хабарлама арқылы протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу жөнінде қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

22. Көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген смс-хабарламалар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша смс-хабарламалар электрондық журналында тіркеледі.

23. Протездік-ортопедиялық көмекті проактивті қызмет арқылы ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін ақпараттық жүйелерге сұрау салулар "Е-Собес" ААЖ-дан автоматты түрде жүзеге асырылады.

**3-параграф. Веб-порталы арқылы "Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

24. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне өтінішті осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы жолдайды.

Өтінішті "электрондық үкімет" шлюзі арқылы берген кезде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді автоматты түрде қалыптастыру үшін алушының ЖСН сұратылады.

Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен пайдаланушының порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен алады.

25. Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолдайды.

26. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде өтініш қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті адамның ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжатты қоса бере отырып, өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы мәртебе жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың топтамасы сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

27. Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

28. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

29. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

**3-тарау. Мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету тәртібі**

30. Протездік-ортопедиялық көмек көрсету өңірлеріндегі, оның ішінде олар порталда көрсеткен протездік-ортопедиялық көмек қызметтерін беруші (бұдан әрі – ПК беруші) протездік-ортопедиялық құралдарды дайындау үшін өлшеу жүргізе отырып, тапсырыстар қабылдауды қамтамасыз етеді.

ПК беруші тапсырыстың сипаты мен түріне байланысты алушыны стационарлық протездеу үшін шақыру не ол болмаған кезде тапсырысты орындау қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

31. Стационарлық протездеуге шақыру алдын ала жіберіледі. Бастапқы стационарлық протездеу жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады. Қайта стационарлық протездеу жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Стационарлық протездеу кезінде ПК беруші осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша протездеу тарихынан үзінді көшірмені толтырады.

32. Өтініш берушінің қалауы бойынша тапсырыстар үйде қабылданады. ПК берушінің шығуы үшін шығыстарды төлеу өтініш берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

33. Протездеуге келген алушылар ПК берушіге:

1) жолдама-емдеуші дәрігердің ұсынымын, бастапқы протездеу кезіндегі ауру тарихынан үзіндіні;

2) алғашқы протездеу кезіндегі рентген суреттерді;

3) мүгедектің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын;

4) кеуде клеткасын флюорографиялық тексеру нәтижелері туралы дәрігердің қорытындысын;

5) шектеу шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде тапсырылған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде жарамды Covid-19 вакцинациясының электрондық паспорты немесе коронавирустық инфекцияға теріс ПТР-тест ұсынады.

34. ПК беруші протездік-ортопедиялық көмек көрсету кезінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша протездік-ортопедиялық бұйымдарға протездеу картасын (бұдан әрі – протездеу картасы) ашады.

Толтырылған протездеу картасы және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша протездік-ортопедиялық бұйымдарға тапсырыс бланкісі (бұдан әрі – тапсырыс бланкісі) жеке тапсырыс бойынша протездік-ортопедиялық құралдарды дайындау және оларды беру тәртібін регламенттейтін есептік құжаттар болып табылады.

Протездеу картасы тұрақты, тапсырыс бланкісі 5 жыл сақталады.

35. Міндетті түрде өлшеп көруді талап ететін дайын протездік-ортопедиялық құрал алушының жеке өзіне беріледі. Өлшеп көру талап етілмейтін жағдайларда алуға сенімхат болған кезде басқа адамға құралды беруге жол беріледі не ол мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен алушының тұрғылықты жері бойынша жіберіледі.

36. Күрделі протездік-ортопедиялық құралдар кезектілік тәртібімен тапсырыстар өндіріске тапсырылған күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде дайындалады.

37. Ұсақ және асқынбаған протездік-ортопедиялық құралдар тапсырыстар өндіріске тапсырылған күннен бастап жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде сол тәртіппен дайындалады.

38. Алушының өлшеп көруге келуін күту кезінде құралдың жатып қалған уақыты протездік-ортопедиялық құралдың дайындалу мерзіміне енгізілмейді.

39. Протездік-ортопедиялық көмек көрсетуге жол жүрумен, ӨҚ жеткізушісінің медициналық стационарға жатқызумен, протездеу уақытында болуымен байланысты шығыстарды ПК беруші мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төлейді.

40. Жол жүру (ПК берушіге дейін және кері қарай) темір жол бойынша қатты плацкарт вагонының, купе вагонының (жұмсақ дивандары төмен орналасқан екі орындық купелі, жатын вагонының жағдайын реттеу құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолары бар вагондарды қоспағанда), мүгедектігі бар адамдарға арналған және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жол жүруге жеңілдігі бар мамандандырылған вагонның, су жолдары бойынша – екінші сыныпты тариф бойынша, шосселік немесе топырақты жолдар – ұсынылған билет немесе теміржол вокзалының, автовокзалдың, кемежайдың кассасы берген жол жүру құны туралы анықтама негізінде белгіленген тарифтер бойынша өтеледі.

41. Протездік-ортопедиялық көмек көрсетуге алушылардың жол жүруіне ақы төлеу, шығыстары тек бір жол жүргені үшін өтелетін ұсақ протездік-ортопедиялық құралдарды алушыларды қоспағанда, жылына кемінде екі жол жүргені үшін жүргізіледі. Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға немесе мүгедектігі бар балаларға ілесіп жүрушілерге протездік-ортопедиялық көмек көрсетуге бір ғана жол жүру шығыстары өтеледі.

**1-параграф. Протездермен қамтамасыз ету тәртібі**

42. Бастапқы протездеу кезінде медициналық көрсеткіштер бойынша оқу-жаттығу ретінде пайдаланылатын қазіргі заманғы технология бойынша протездер алты ай өткеннен кейін жөндеуге жатады.

43. Төменгі аяқ протездерін беру кезінде әрбір протезге жыл сайын үш тыстан беріледі.

44. Кеуде безінің протездері екі іш киіммен (бюстгалтер) беріледі.

45. Шина-былғары, құрама протездер, ортопедиялық аппараттар, туторлар олар жарамсыз болып қалғаннан кейін, бірақ протездік-ортопедиялық құралдарды, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын ауыстыру мерзімдері өткеннен кейін оларды алған күннен бастап осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ауыстырылады.

Алушыға протездік-ортопедиялық құралдарды, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын ауыстыру мерзімдерін ескере отырып, кезекке қою туралы және порталға жіберген кезде порталдағы ТП жеткізушісін таңдау қажеттігі туралы смс-хабарлама жіберіледі

46. Егер тағып жүру мерзімі өткеннен кейін протез жарамды күйде болса және алушы жаңа протезге тапсырыс бергісі келмесе, оған осы Қағидалардың 43-тармағына сәйкес тыстар беріледі.

47. Протездерді, оның ішінде жаңа модельдерді мерзімінен бұрын ауыстыру, сондай-ақ кию мерзімін ұзарту, жөндеу туралы, электрондық модульдері бар жаңа (қазіргі заманғы) технологиялар бойынша дайындалған құрама протездерге, протездерге көшу туралы шешімді ТП-ны жеткізуші қабылдайды және облыстардың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен (бұдан әрі – облыстық басқарма) алдын ала келісе отырып, ПК беруші жасайтын тиісті актінің негізінде жүргізіледі.

ПК беруші оның кінәсі бойынша сапасыз дайындау фактісін анықтаған кезде, ақауды жою ПК берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

## 2-параграф. Ортопедиялық аяқ киіммен қамтамасыз ету тәртібі

48. Алушылар күрделі және асқынбаған ортопедиялық аяқкиіммен қамтамасыз етіледі.

Күрделі ортопедиялық аяқ киім, оның ішінде қосымша салма кебіс (етік) аяқты 3 сантиметрге (см) және одан да жоғары қысқартқан кезде, паралитикалық, варустық, двиноварустық, вальгустық, жазық вальгустық және қуыс табандар, маймақтық, піл сүйегі, Шопар, Лисфранк және Пирогов бойынша табандардың ампутациялық тұқылдары кезінде дайындалады.

Асқынбаған ортопедиялық аяқ киім аяқты 3 см-ге дейін қысқартқан кезде, метатарсальды сүйектердің бастарын үлкейту кезінде, бойлық және көлденең жалпақ аяқтар, балға тәрізді саусақтар, өкше сүйегінің шоғырлары және аяқтың басқа патологиясы кезінде жасалады.

49. Күрделі ортопедиялық аяққиім (етіктен басқасы):

1) ҰОС қатысушыларына, ҰОС мүгедектігі бар адамдарына, сондай-ақ ҰОС мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамдарға екі жұп (жазғы немесе қысқы);

2) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға бір жұп (жазғы немесе қысқы);

3) мүгедектігі бар балаларға – екі жұп (жазғы және қысқы) беріледі.

50. ҰОС мүгедектігі бар адамдарына, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға екі қолы бірдей кесілгенде не екі қолының функциялары күрт төмендегенде не омыртқа жотасы зақымданғанда, сондай-ақ жамбас-сан буындарындағы анкилоздар кезінде бүйірлік резеңкелері бар аяқкиім беріледі.

51. Үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар күрделі ортопедиялық аяқкиіммен (жазғы немесе қысқы) мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген құнының немесе кепілдік берілген соманың 50 пайызын өз қаражаты есебінен дербес төлей отырып қамтамасыз етіледі.

52. Ортопедиялық аяқкиім дайындауға арналған технологияда көзделгеннен тыс қызметтер мен жұмыстарды (шілтерлі тігіс, микро кеуекті табан, ранттық өңдеу, үлбірлі жылытқыш не басқа да жақсартылған өңдеу), дайындаудың жеделдігін ҰОС қатысушыларын, ҰОС мүгедектігі бар адамдарын, сондай-ақ ҰОС мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамдарды және мүгедектігі бар балаларды қоспағанда, алушы төлейді.

53. Мүгедектігі бар адамдарға ортопедиялық аяқкиімнің орнына олардың қалауы бойынша өз қаражаты есебінен етік дайындалады. Бұл жағдайда алушыға ортопедиялық аяқкиіммен қамтамасыз етуге көзделген сомада етіктің құнына жеңілдік беріледі.

54. Алушының протездік-ортопедиялық аяқкиімін жөндеу оның өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

**3-параграф. Аппараттарға (протездерге)аяқ киіммен қамтамасыз ету тәртібі**

55. ҰОС қатысушылары, ҰОС мүгедектігі бар адамдары, сондай-ақ ҰОС мүгедектігі бар адамдары теңестірілген адамдар аппараттарға (протездерге) бір жұп аяқкиіммен қамтамасыз етіледі.

Мүгедектігі бар балалар екі жұп аяқкиіммен (жазғы және қысқы) қамтамасыз етіледі.

56. Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар аппараттарға ( протездерге) арналған бір жұп аяқкиіммен мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген құнның немесе кепілдік берілген соманың 50 пайызын өз қаражаты есебінен дербес төлей отырып қамтамасыз етіледі.

Үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға аппараттарға (протездерге) арналған аяқкиім олардың өз қаражаты есебінен дайындалады.

57. Мүгедектігі бар адамдарға аяқкиімнің орнына аппараттарға (протездерге) қалауы бойынша өз қаражаты есебінен етік дайындалады. Бұл жағдайда алушыға аппараттарға (протездерге) аяқкиіммен қамтамасыз етуге көзделген сомада етіктің құнына жеңілдік беріледі.

**4-параграф. Емдеу-профилактикамен қамтамасыз ету тәртібі протездік-ортопедиялық құралдармен**

58. Емдеу-профилактикалық протездік-ортопедиялық құралдармен:

1) ҰОС қатысушылары, ҰОС мүгедектігі бар адамдары, сондай-ақ ҰОС мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамдар;

2) мүгедектігі бар балалар қамтамасыз етіледі.

59. Жалпы аурудан және бала кезінен бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар мүгедектікке әкеп соққан ауруларды не жарақаттарды емдеуге арналған емдеу-профилактикалық протездік-ортопедиялық құралдармен мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген құнының немесе кепілдік берілген соманың 50 пайызын өз қаражаты есебінен дербес төлей отырып қамтамасыз етіледі.

Үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға емдеу-алдын алу құралдары өз қаражаты есебінен дайындалады.

**4-тарау. "Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

**1-параграф. Мемлекеттік корпорация, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері арқылы өтініш негізінде "Мүгедектігі бар адамдарды сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету" мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

60. Осы Қағидалардың 11-қосымшасына (бұдан әрі – ОТҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) сәйкес "Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз етуге арналған құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызметін алу үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ұсынылатын өтінішпен және мүгедектігі бар адамның жеке басын куәландыратын құжатпен не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін)электрондық құжатпен жүгінеді.

61. Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімдерінің жауапты қызметкерлері өтінішті қабылдау кезінде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді автоматты түрде қалыптастыру үшін алушының жеке сәйкестендіру нөмірі сұратылады.

Жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдар протездік-ортопедиялық көмек алуға өтініш берген кезде:

1) өндірістегі мүгедектікке алып келген жазатайым оқиға туралы;

2) кінәсінен жұмыста мертігуге ұшырау немесе кәсіптік ауруға шалдығу болған жұмыс берушінің – дара кәсіпкердің қызметін тоқтату немесе заңды тұлғаны тарату туралы қосымша мәліметтер сұратылады.

ҰОС қатысушылары, ҰОС мүгедектігі бар адамдары және ҰОС мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамдар өтінішке ҰОС қатысушылары, ҰОС мүгедектігі бар адамдары немесе ҰОС мүгедектігі бар адамына теңестірілген адам куәлігін қоса береді.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке қағаз жеткізгіштегі тиісті құжаттардың көшірмелері және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары қоса беріледі.

Ұсынылған түпнұсқалармен салыстырғаннан кейін құжаттардың көшірмелерін өтінішті қабылдаған жауапты қызметкер тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатқа немесе осы Қағидалардың 62-тармағына сәйкес берілетін талонға белгі қою арқылы куәландырады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

62. Құжаттарды беру кезінде өтініш берушіге:

Мемлекеттік корпорацияда – тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат;

қалалық басқармаларда, жұмыспен қамту бөлімдерінде – тіркелген және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

63. Өтініш беруші ОТҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелері, жұмыспен қамту бөлімдері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

64. ОТҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың топтамасы сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға

6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді.

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

ОТҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады.

Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері туралы өтініш берушінің абоненттік нөміріне смс-хабарлама беру арқылы хабардар етеді.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін қалалық басқармаларға, жұмыспен қамту бөлімдеріне береді. Өтініш беруші бір ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелерінің, жұмыспен қамту бөлімдерінің сұрау салуы бойынша бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды өтініш берушіге беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

65. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама беріледі.

66. Қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы

Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес ОТҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар бойынша қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері басшыларының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдерінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес ОТҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Қолма-қол да, почта арқылы да келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияға кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Жұмыспен қамту бөлімінің және Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей және әкімшілік іс шағымды қарайтын органға жіберіледі.

Бұл ретте, Мемлекеттік корпорация, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімі, егер үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметті нәтижелерімен келіспеген кезде өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

**2-параграф. "Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" проактивті мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

67. № 44 бұйрыққа сәйкес судротехникалық, тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдарды ұсынуға іс-шараларды қамтитын ОЖБ "МОДБ" ААЖ қалыптастырылғаннан кейін ОЖБ-ның деректері автоматты түрде "Е-Собес" АЖЖ көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салумен смс-хабарлама жіберуге бастамашылық жасайды.

Көрсетілетін қызметті алушы смс-хабарлама арқылы тиісті кодпен проактивті қызмет көрсетуге келісімін немесе бас тартуын растайды.

68. Көрсетілетін қызметті алушыдан проактивті қызмет көрсетуге келісім алған кезде оған осы қызметті ұсынуға құжаттардың рәсімделгенін растау туралы смс-хабарлама жіберіледі.

Проактивті қызмет арқылы судротехникалық, тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдарды ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеуге өтініш берген күн осы қызметті ұсынуға құжаттарды рәсімдеуге келісім алған күн болып саналады.

69. Көрсетілетін қызметті алушыдан жауап болмаған жағдайда, сұрау салу жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сұрау жойылады және көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігін көрсете отырып, ОТҚ-мен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

70. Көрсетілетін қызметті алушы проактивті қызмет көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігін көрсете отырып, ОТҚ-мен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

71. Проактивті қызмет көрсетуге келісім алған кезде қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің маманы "Е-Собес" ААЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушыны ОТҚ мүгедектігі бар адамдарын қамтамасыз ету үшін құжаттарды рәсімдеу жөнінде қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне смс-хабарлама арқылы хабардар етеді. Жөргектермен қамтамасыз ету кезінде көрсетілетін қызметті алушыға қажетті мөлшерді көрсетуге сұрау салумен смс-хабарлама жіберіледі.

72. Жіберілген смс-хабарламалар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша смс-хабарламалар электрондық журналында тіркеледі.

73. Мүгедектігі бар адамдарды ОТҚ қамтамасыз ету үшін проактивті қызмет арқылы ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу кезінде ОТҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін ақпараттық жүйелерге сұрау салу автоматты түрде " Е-Собес" ААЖ-дан жүзеге асырылады.

**3-параграф. Веб-порталы арқылы "Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші ( орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

74. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне өтінішті осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы жолдайды.

Өтінішті "электрондық үкімет" шлюзі арқылы берген кезде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді автоматты түрде қалыптастыру үшін мүгедектің жеке сәйкестендіру нөмірі сұратылады.

Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен пайдаланушының порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен алады.

75. Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жібереді.

76. Өтініш беруші ОТҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде өтініш қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті адамның ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжатты қоса бере отырып, өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы мәртебе жіберіледі.

ОТҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың топтамасы сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді.

ОТҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

77. Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

78. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11-тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

## 5-тарау. Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз ету тәртібі

### 1-параграф. Сурдотехникалық құралдарымен қамтамасыз ету тәртібі

79. Есту протезі, қалдық естуді электроакустикалық түзету балалар мен ересек халықтың ерекшеліктерін ескере отырып, оларды есту аппаратына бейімдеуге міндетті түрде үйрете отырып, сондай-ақ оны пайдалану және ұзақ пайдалану бойынша дағдыларды игере отырып жүргізіледі.

Екі жақты есту қабілетінің жоғалуы кезінде екі есту аппаратымен бинауральды есту протездеуі немесе бір құлаққа есту аппаратымен және екінші құлаққа сөйлеу процессорымен бимодальді есту протездеуі жүргізіледі.

80. Есту аппараттарымен, оларға қоректендіру көздерімен (техникалық көрсеткіштер бойынша кемінде 36 батарея), жиынтықтаушы бұйымдармен, жеке қосымша беттермен, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етуді, сурдологиялық тексеруді, есту протездік көмегін, іріктеуді, сервистік қызмет көрсетуді, сондай-ақ кепілдік берілген мерзім шеңберінде немесе кепілдік берілген мерзім аяқталғаннан кейін пайдалану кезеңінде бір рет жөндеуді есту протездік көмек

көрсетуге және медициналық оңалтуға маманданған, тиісті материалдық-техникалық базасы мен мамандары бар сурдотехникалық құралдарды беруші (бұдан әрі – СҚ беруші) жүргізеді.

81. СҚ беруші естуді протездеу, жөндеу кезінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-әлеуметтік картаны толтырады.

Протездеудің медициналық-әлеуметтік картасы тұрақты сақталады.

82. Есту аппаратымен мерзімінен бұрын қамтамасыз ету туралы шешімді қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімдері:

1) есту қабілеті нашарлаған және есту аппаратының басқа түрімен есту қабілетін түзету қажет болған кезде;

2) есту аппараты ұрланған немесе жоғалған кезде тиісті құжаттардың негізінде қабылдайды. Есту аппараты ұрланған кезде өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарынан анықтама ұсынылады.

83. Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі:

1) сөйлеу процессорларының саны мен түрін (моделін) көрсете отырып, сөйлеу процессорын ауыстыру қызметіне қажеттілікті айқындайды;

2) есту аппараттарымен естуді протездеуге, оның ішінде сүйек дыбыс өткізгіштігіне қажеттілікті айқындайды;

3) кохлеарлық импланты бар мүгедектігі бар адамдарды сөйлеу процессорын есту аппараттарымен, оның ішінде сүйек дыбыс өткізгіштігімен ауыстыру қызметін алу үшін кохлеарлық имплантары бар мүгедектерді жіберу бойынша жұмысты ұйымдастырады.

84. СҚ беруші мүгедектігі бар адамды:

1) маркасы мен моделі оған орнатылған кохлеарлық имплантпен үйлесімді сөйлеу процессорымен;

2) есту аппаратымен, оның ішінде есту дәрежесін ескере отырып, сүйек дыбыс өткізгіштігі бар есту аппаратымен қамтамасыз етеді.

85. Сөйлеу процессорын ауыстыруға жіберілген кохлеарлық имплантары бар мүгедектігі бар адамдар (олардың заңды өкілдері) СҚ берушіге:

1) мүгедектігі бар адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ;

2) мүгедектігі бар балаға сөйлеу процессорын ауыстыру бойынша қызмет көрсетуге өтініш берген кезде – ата-анасының (қорғаншыларының, қамқоршыларының) бірінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

86. Есту-сөйлеуге бейімдеуді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Әлеуметтік оңалтуды дамытудың

ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – ұйым) кохлеарлық имплантация операциясынан кейінгі алғашқы бес жыл ішінде жүргізіледі.

Әлеуметтік оңалту шеңберінде кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған мүгедектігі бар балалардың есту-сөйлеу бейімделуі мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен күндізгі және (немесе) тәулік бойы бақылау жағдайларында жүргізіледі.

Есту-сөйлеуге бейімдеудің бір курсы:

1) күндізгі бақылау 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі ;

2) кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бойы тәулік бойы бақылау.

87. Тұру үшін үй-жайды жалға алу және тамақтану шығыстары тәулік бойы бақылау жағдайында есту-сөйлеу бейімделуінен өтетін кохлеарлық импланты бар мүгедектігі бар баланы және оны алып жүретін ата-анасын (заңды өкілін), сондай-ақ олардың баратын жеріне дейін және кері қайтуға жылына бір рет жол жүру шығыстарын ұйым мемлекеттік бюджеттің жоспарланған қаражаты шеңберінде қамтамасыз етеді.

Жол жүру (ұйымға дейін және кері қарай) ұсынылған билет немесе жол жүру құны туралы теміржол вокзалының, автовокзалдың, кемежайдың кассасы берген анықтамасы негізінде мүгедектігі бар адамдарға арналған мамандандырылған вагонның темір жол бойынша қатаң плацкарт вагонының, купе вагонының ( жұмсақ дивандары төмен орналасқан екі орындық купелі, ұйықтайтын вагонының жағдайын реттеу құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолары бар вагондарды қоспағанда) тарифі бойынша, су жолдары бойынша – екінші сыныпты тариф бойынша, тас жол немесе топырақты жолдар бойынша – белгіленген тарифтер бойынша өтеледі.

**2-параграф. Тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз ету тәртібі**

88. Мүгедектігі бар адамдар сөз шығаратын глюкометр жиынтығына кіретін қандағы қант деңгейін анықтауға арналған тест жолақшалары 300 данада қамтамасыз етіледі.

Глюкометр жиынтығына кіретін тест жолақшаларын пайдаланғаннан кейін қандағы қант деңгейін анықтауға арналған тест жолақшаларын мүгедектігі бар адамдар өз қаражаты есебінен сатып алады.

89. Көру қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдар:

саны 3 дана жіп тартқыштармен;

саны 25 дана тігін инелерімен;

бір жылдан кем емес мерзімге 1500 парақтан тұратын бедерлі-нүктелі қаріппен жазуға арналған қағазбен жабдықталады.

Брайль қарпіндегі сөйлейтін өзіндік оқулық, брайль бойынша жиналмалы әліппе мүгедектігі бар адамға бір рет, өмір бойы беріледі.

90. Мүгедектігі бар адамдар сөйлеу синтезі бар экрандық қол жеткізу бағдарламалық қамтамасыз етуі бар ноутбукпен не Ақпаратты енгізу/шығару кіріктірілген Брайль қарпі бар сөйлеу синтезі бар портативті тифлокомпьютермен қамтамасыз етіледі.

Сөйлеу синтезі бар экрандық қол жеткізу бағдарламасымен қамтамасыз етілген ноутбукті Брайль қарпімен ақпаратты енгізу/шығару кіріктірілген сөйлеу синтезі бар портативті тифлокомпьютерге немесе сөйлеу Брайль қарпімен ақпаратты енгізу/шығару кіріктірілген сөйлеу синтезі бар портативті тифлокомпьютерін сөйлеу синтезі бар экрандық қол жеткізу бағдарламасымен қамтамасыз етілген ноутбукке ауыстыру бұрын берілген құралды ауыстыру мерзімі өткен соң жүргізіледі.

**3-параграф. Міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету тәртібі**

91. Мүгедектігі бар адамдар өтініш берген күннен бастап міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етіледі.

92. Міндетті гигиеналық құралдар мүгедектігі бар адамдарға бір жылға төмендегідей мөлшерде беріледі:

1) зәрді ұстамау және нәжіс типі бойынша жамбас ағзаларының функциялары бұзылған мүгедектігі бар адамдарға арналған жөргектер – 730 дана (күніне 2 дана ), алушының қалауы бойынша тоқсан сайын қамтамасыз ету - бірінші үш тоқсанда 200 данадан, соңғы тоқсанда 130 дана;

2) несеп-жыныс жүйесінің стомасы бар мүгедектігі бар адамдарға арналған несеп қабылдағыштар (уроқабылдағыштар) – 365 дана (күніне 1 дана), көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша тоқсан сайын қамтамасыз ету - бірінші үш тоқсанда 90 данадан, соңғы тоқсанда 95 дана;

3) ішек стомасы бар мүгедектігі бар адамдарға арналған нәжіс қабылдағыштар – 365 дана (күніне 1 дана), алушының қалауы бойынша тоқсан сайын қамтамасыз ету - бірінші үш тоқсанда 90 данадан, соңғы тоқсанда 95 дана;

4) сіңіргіш жаймалар (жаялықтар) – 365 дана (күніне 1 дана), алушының қалауы бойынша тоқсан сайын қамтамасыз ету - бірінші үш тоқсанда 90 данадан, соңғы тоқсанда 95 дана;

5) катетер – 12 дана (айына 1 дана);

6) спинабифид (Spinabifida) диагнозы бар мүгедектігі бар балаларға арналған бір реттік пайдаланылатын катетерлер – 2190 дана (күніне 6 дана);

7) стоманың айналасындағы теріні қорғау және тегістеуге арналған паста-герметик – 12 дана (айына 1 дана);

8) стома айналасындағы теріні қорғауға және күтуге арналған қорғаныс кремі – 12 дана (айына 1 дана);

9) стома айналасындағы теріні қорғауға және күтуге арналған сіңіргіш ұнтақ ( опа) – 12 дана (айына 1 дана);

10) иісті бейтараптандырғыш – 12 дана (айына 1 дана);

11) стома айналасындағы немесе қасаға тұсындағы теріні күтуге және өңдеуге арналған тазартқыш-12 дана (айына 1 дана).

Портал арқылы гигиеналық құралдарға тапсырыс беру кезінде алушы осы міндетті гигиеналық құралдарды жеткізушіден (бұдан әрі – МГҚ беруші) сатып алынатын тауардың санын, бірақ осы тармақта көрсетілген саннан асырмай көрсетеді.

93. Жөргектерді беруге өтініш берген кезде өтініш беруші салмағын, жамбас көлемін және бел көлемін көрсетеді.

Жеке параметрлерге және несеп шығарудың бұзылу дәрежесіне қарай мүгедектігі бар адамдар жөргектермен қамтамасыз етіледі:

белде 55 (см) см-ге дейін, әдеттегі сіңімділігі (тәуліктік диурездің 20 %-на дейін немесе 2310 миллилитрге (мл) дейін);

белде 55 см-ге дейін, сіңіргіштігі жоғары (тәуліктік диурездің 50 %-дан астам немесе 2310 мл-ден астам);

белде 55 см-ден астам, әдеттегі сіңімділігі (тәуліктік диурездің 20 %-на дейін немесе 2310 мл-ге дейін);

белде 55 см-ден астам, сіңіргіштігі жоғары (тәуліктік диурездің 50 %-дан астам немесе 2310 мл-ден астам);

белде 75 см-ден астам, әдеттегі сіңімділігі (тәуліктік диурездің 20 %-на дейін немесе 2310 мл-ге дейін);

белде 75 см-ден астам, сіңіргіштігі жоғары (тәуліктік диурездің 50 %-дан астам немесе 2310 мл-ден астам);

белде 100 см-ден астам, әдеттегі сіңімділігі (тәуліктік диурездің 20 %-на дейін немесе 2310 мл-ге дейін);

белде 100 см-ден астам, сіңіргіштігі жоғары (тәуліктік диурездің 50 %-дан астам немесе 2310 мл-ден астам);

белде 130 см-ден астам, әдеттегі сіңімділігі (тәуліктік диурездің 20 %-на дейін немесе 2310 мл-ге дейін);

белде 130 см-ден астам, сіңімділігі жоғары (тәуліктік диурездің 50 %-дан астам немесе 2310 мл-ден астам).

Мүгедектігі бар балалар дене салмағына қарай: 5 килограмға (кг) дейін, 7 кг-ға дейін, 9 кг-ға дейін, қоса алғанда 20 кг-ға дейін және 20 кг-нан астам жөргектермен қамтамасыз етіледі.

94. Мүгедектігі бар адамның физиологиялық параметрлері өзгерген кезде, ол одан әрі бір өлшемді жөргектермен қамтамасыз етуден бас тартады және тиісті мөлшердегі жөргектермен қамтамасыз етуге өтініш береді.

Бұл ретте, жылына жалпы саны 730 данадан аспауы тиіс.

95. Оңалту-сараптамалық диагностика негізінде мүгедектігі бар адамдар:

аяққа бекітуге арналған немесе төсек жанындағы несеп қабылдағыштармен;

бір немесе екі компонентті, әр түрлі пластиналары бар дренаждалатын немесе дренаждалмайтын уроқабылдағыштармен;

бір немесе екі компонентті, әр түрлі пластиналары бар дренаждалатын немесе дренаждалмайтын нәжіс қабылдағыштармен;

санитарлық жабдықтары бар кресло-орындықпен;

дәретхана бөлмелеріне арналған тіреуіш қайырмалы тұтқалармен;

ванна бөлмелері үшін тұтқалармен қамтамасыз етіледі.

## 6-тарау. "Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

### 1-параграф. Мемлекеттік корпорация, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімшелері арқылы өтініш беру негізінде "Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

96. "Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге арналған құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін алу үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 13-қосымшаға (бұдан әрі – АЖҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) сәйкес тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ұсынылатын өтінішпен және мүгедектігі бар адамның жеке басын куәландыратын құжатпен не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) электрондық құжатпен жүгінеді.

97. Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімдерінің жауапты қызметкерлері өтінішті қабылдау кезінде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді алу үшін " электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) мүгедектігі бар адамның ЖСН арқылы сұрау салуды қалыптастырады.

Жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдар арнаулы жүріп-тұру құралдарын алуға өтініш берген кезде:

1) өндірістегі мүгедектікке алып келген жазатайым оқиға туралы;

2) кінәсінен жұмыста мертігуге ұшырау немесе кәсіптік ауруға шалдығу болған жұмыс берушінің – дара кәсіпкердің қызметін тоқтату немесе заңды тұлғаны тарату туралы қосымша мәліметтер сұратылады.

ҰОС қатысушылары, ҰОС мүгедектігі бар адамдары және ҰОС мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамдар өтінішке ҰОС қатысушылары, ҰОС мүгедектігі бар адамының және ҰОС мүгедектігі бар адамына теңестірілген адамның куәлігін береді.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке қағаз жеткізгіштегі тиісті құжаттардың көшірмелері және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары қоса беріледі.

Ұсынылған түпнұсқалармен салыстырғаннан кейін құжаттардың көшірмелерін өтінішті қабылдаған жауапты қызметкер тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатқа немесе осы Қағидалардың 98-тармағына сәйкес берілетін талонға белгі қою арқылы куәландырады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

98. Құжаттарды беру кезінде өтініш берушіге:

Мемлекеттік корпорацияға – тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат;

қалалық басқармаларда, жұмыспен қамту бөлімдерінде – тіркелген және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

99. Өтініш беруші АЖҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелері, жұмыспен қамту бөлімдері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

100. АЖҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың топтамасы сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді.

Мемлекеттік корпорацияның құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

АЖҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9 -тармағында көзделген негіздер болған жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі ӘРПК-інің 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады.

Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері туралы өтініш берушінің абоненттік нөміріне смс-хабарлама беру арқылы хабардар етеді.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін қалалық басқармаларға, жұмыспен қамту бөлімдеріне береді. Өтініш беруші бір ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелерінің, жұмыспен қамту бөлімдерінің сұрау салуы бойынша бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды өтініш берушіге беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

101. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

102. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес АЖҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар бойынша қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері басшыларының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдерінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес АЖҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Қолма-қол да, почта арқылы да келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорация кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Жұмыспен қамту бөлімінің және Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей және әкімшілік іс шағымды қарайтын органға жіберіледі.

Бұл ретте, Мемлекеттік корпорация, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімі, егер үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген кезде өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

**2-параграф. "Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" проактивті мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

103. № 44 бұйрыққа сәйкес кресло-арбаларды ұсынуға іс-шараларды қамтитын АОЖБ "МОДБ" ААЖ қалыптастырылғаннан кейін АОЖБ-ның деректері автоматты түрде "Е-Собес" АЖЖ жіберіледі. Көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне жұмыспен қамту бөлімінің маманы "Е-Собес" АЖЖ арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салумен смс-хабарлама жіберуге бастамашылық жасайды.

Көрсетілетін қызметті алушы проактивті қызметті көрсетуге келісімді немесе бас тартуды смс-хабарлама арқылы тиісті кодпен растайды.

104. Көрсетілетін қызметті алушыдан проактивті қызмет көрсетуге келісім алған кезде оған осы қызметті ұсынуға құжаттардың рәсімделгенін растау туралы смс-хабарлама жіберіледі.

Проактивті қызмет арқылы кресло-арбалар ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеуге өтініш берген күн осы қызметті ұсынуға құжаттарды рәсімдеуге келісім алған күн болып саналады.

105. Көрсетілетін қызметті алушыдан жауап болмаған жағдайда, сұрау салу жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сұрау жойылады және көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігін көрсете отырып, кресло-арба беру үшін құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

106. Көрсетілетін қызметті алушы проактивті қызмет көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-дан санаторий-курорттық емдеуді ұсыну үшін құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігін көрсете отырып смс-хабарлама жіберіледі.

107. Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін алған кезде қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің маманы "Е-Собес" ААЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушыны санаторий-курорттық емдеуді ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу жөнінде қабылданған шешім туралы абоненттік нөмірге смс-хабарлама арқылы хабардар етеді.

108. Көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген смс-хабарламалар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша смс-хабарламалар электрондық журналында тіркеледі.

109. Кресло-арбаларды ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу кезінде АЖҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін ақпараттық жүйелерге сұрау салулар "Е-Собес" ААЖ-дан автоматты түрде жүзеге асырылады.

**3-параграф. Веб-порталы арқылы "Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

110. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне өтінішті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы жолдайды.

Өтінішті "электрондық үкімет" шлюзі арқылы берген кезде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді автоматты түрде қалыптастыру үшін мүгедектігі бар адамның ЖСН сұратылады.

Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен пайдаланушының порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен алады.

111. Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жібереді.

112. Өтініш беруші АЖҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде өтініш қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті адамның ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжатты қоса бере отырып, өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы мәртебе жіберіледі.

АЖҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8 -тармағында көрсетілген құжаттардың топтамасы сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді.

АЖҚ мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9 -тармағында көзделген негіздер болған жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі ӘРПК-інің 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

113. Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

114. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11-тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

**7-тарау. Мүгедектігі бар адамдарды арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету тәртібі**

115. Мүгедектігі бар адамдар бір мезгілде бөлме кресло-арбасымен және серуендеуге арналған кресло-арбаның бір түрімен не әмбебап кресло-арбаның бір түрімен қамтамасыз етіледі.

Бөлме және/немесе серуендеу кресло-арбасын әмбебап кресло-арбаға ауыстыру олардың біреуін ауыстыру мерзімі өткеннен кейін жүргізіледі.

**8-тарау. Протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, кресло-арбалармен портал арқылы қамтамасыз ету тәртібі**

116. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарын, арнаулы жүріп-тұру құралдарын ұсынуға өтініш "Е-Собес" ААЖ-да тіркелгеннен кейін мүгедектігі бар адамның АОЖБ іс-шаралары кезектілік тәртібімен "Е-Собес" ААЖ-дан порталға беріледі.

117. Мобильді азаматтар базасында өтініш берушінің абоненттік нөмірі туралы мәліметтер болған кезде оның абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-мен порталда протездік-ортопедиялық көмек, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар, кресло-арбалар берушіні (бұдан әрі – ОТҚ беруші) авторизациялау және таңдау қажеттілігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

118. Порталдағы ОТҚ берушіні таңдауды өтініш беруші ОЖБ іс-шараларының порталға жіберілгені туралы хабарланған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырады.

119. Өтініш берушіде интернет-ресурсқа қолжетімділік болмаған жағдайда, өтініш беруші Мемлекеттік корпорацияның, халықты жұмыспен қамту орталығының, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің өзіне-өзі қызмет көрсету секторына жүгінеді.

120. Өтініш беруші ОТҚ берушіні таңдамаған жағдайда АОЖБ деректері порталға берілген күннен бастап бір ай ішінде өтініш берушінің абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-дан келесі ай ішінде порталда ОТҚ жеткізушісін таңдау қажеттілігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

121. АОЖБ деректерін порталға берген күннен бастап екі ай өткен соң өтініш берушіде порталда ОТҚ жеткізушісін таңдау мүмкіндігі бұғатталады және өтініш берушінің абоненттік нөміріне себебін көрсете отырып, ОТҚ берушіні таңдау мүмкіндігін бұғаттау туралы смс-хабарлама жіберіледі. Порталдағы ОТҚ берушіні таңдауды жаңарту үшін өтініш беруші порталдағы жеке кабинетте " өнім берушіні таңдауды іске қосу батырмасын" басады. ОТҚ берушіні таңдауды іске қосу туралы мәліметтер порталдан "Е-Собес" ААЖ-ға автоматты түрде беріледі, одан кейін өтініш беруші "Е-Собес" ААЖ-дағы кезектілікті ескере отырып, ОТҚ берушіні таңдайды.

122. Портал арқылы ОТҚ берушіні таңдауды жүзеге асыру үшін заңның 32-2-бабына сәйкес өтініш беруші порталда авторизацияланады http://aleumet.egov.kz ЭЦҚ арқылы жария шартқа қол қояды.

123. Өтініш беруші порталда "Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы өткізу кезінде мемлекеттік бюджет қаражатынан тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 14 бұйрығымен (бұдан әрі – № 14 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19902 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ОТҚ берушіге кепілдік берілген соманы өтеуге өтінішке бір мезгілде қол қоя отырып, протездік-ортопедиялық көмекке, ОТҚ мен кресло-арбаға өтініш берушінің ЭЦҚ-мен қол қойылған тапсырысты ресімдейді және ОТҚ берушіге жібереді.

124. Протездік-ортопедиялық көмекті, ОТҚ және кресло-арбаларды сатып алуға тапсырыстарды қабылдауды өтініш беруші порталда таңдаған ОТҚ беруші жүзеге асырады.

ОТҚ-ны Жеткізуші Тапсырыс порталға келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ОТҚ берушінің ЭЦҚ-сы қойылған, тауар болмаған жағдайда, ОТҚ-ның, ОТҚ-ның және кресло-арбалардың тапсырысын қабылдау немесе ұсынудан бас тарту туралы хабарламаны қарайды және "алушының жеке кабинетіне" жібереді.

125. Қайта куәландыру кезінде бұрын ұсынылған АОЖБ іс-шарасы, егер порталдағы тапсырыс мәртебесі жеткізу сатысында болса, орындалуға жатады.

126. Егер порталдағы тапсырыс мәртебесі жеткізу сатысында болса, мүгедектігі бар адам қайтыс болған, мүгедектігі бар адам басқа өңірге көшкен жағдайларда Тапсырыс ОТҚ жеткізушісіне қайтарылады.

127. Протездік-ортопедиялық көмекті, ОТҚ, кресло-арбаларды кепілдік берілген сомадан асатын бағамен сатып алған кезде өтініш беруші кепілдік берілген сома мен олардың нақты құны арасындағы айырманы өз қаражаты есебінен дербес төлейді.

128. ОТҚ жеткізушілеріне кепілдік берілген соманы өтеу № 14 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады.

## 9-тарау. Мемлекеттік сатып алу арқылы протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, кресло-арбалармен қамтамасыз ету тәртібі

129. Протездік-ортопедиялық көмекті, ОТҚ, кресло-арбаларды сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес Заңның 32-1-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады:

1) мүгедектігі бар адам тұратын елді мекенде сымды интернеттің болмауы;

2) порталда тіркелген өнім берушінің болмауы;

3) мүгедектігі бар адамның портал арқылы тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алудан бас тарту туралы өтінішінің болуы;

4) мүгедектігі бар адамдардың жеке тапсырыстары бойынша дайындалатын және (немесе) жеке іріктеуді және икемдеуді талап ететін протездік-ортопедиялық көмекпен, ОТҚ-мен, кресло-арбалармен қамтамасыз ету ;

5) есту аппараттарымен қамтамасыз ете отырып, есту протездік көмек көрсету;

6) кохлеарлық имплантқа сөйлеу процессорын ауыстыру және баптау бойынша қызметтер көрсету.

130. Протездік-ортопедиялық, есту-протездік көмекті жеткізушілер есеп жүргізеді және ай сайын мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылу кезеңінде облыстық басқармаға (қалалық басқармаларға) ақы төлеу үшін:

осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша протездік-ортопедиялық құралдар мен протездік-ортопедиялық аяқ киімге арналған ведомость;

осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есту аппаратын алу және күйге келтіру (естуді протездеу) бойынша көрсетілген қызметтер ведомосы;

осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кохлеарлық имплантқа сөйлеу процессорын ауыстыру және күйге келтіру бойынша көрсетілген қызметтердің ведомосын ұсынады.

131. Облыстық басқарма ОТҚ жеткізушісінен алған сурдотехникалық құралдардың, тифлотехникалық құралдардың, кресло-арбалардың, өзге де протездік-ортопедиялық құралдардың атауын және олардың санын көрсете отырып, АКТ бойынша (еркін нысанда) қалалық басқармаларға, жұмыспен қамту бөлімдеріне беріледі.

132. Қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, кресло-арбалар, өзге де протездік-ортопедиялық құралдарды тізім бойынша мүгедектігі бар адамның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), ЖСН, туған күнін, тұрғылықты жерін, мүгедектік тобын, алынған сурдотехникалық құралдың, тифлотехникалық құралдың, кресло-арбаның, өзге де протездік-ортопедиялық құралдың атауын, санын, алған күнін, алушының қолын (бұдан әрі – мүгедектігі бар адамдар тізімі) көрсете отырып жүргізеді.

133. Қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, кресло-арбалар, өзге де протездік-ортопедиялық құралдар берілгеннен кейін бір ай ішінде облыстық басқармаға мүгедектігі бар адамдардың тізімдерін ұсынады.

Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы органының басшысы
________________________
________________________

**Техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарын, арнаулы жүріп-тұру құралдарын ұсынуға өтініш**

Тегі ____________________________________________________________

Аты ____________________________________________________________

Әкесінің аты (бар болса) ______________________________________________
Туған күні ______________________________________________
Мүгедектігі ____________________________________________________
Жеке басты куәландыратын құжат түрі __________________________________
Құжаттың нөмірі: _________________ кім берген: _________________________
_
Берілген күні: "___" _________ _________ жылы
Жеке сәйкестендіру нөмірі:__________
Тұрақты тұратын (тіркелген) жерінің мекенжайы:
Облыс ___________________________________________
қала (аудан) _______________________ ауыл: ______________________________
көше (шағын аудан)_______ ______ үй _____ пәтер ______________________
Телефон __________________________________
Мынадай:_______________________________________________________________
_______
_______________________________________________________________________
_______

мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасындағы іс-шаралар түрін көрсету қызметтер ұсыну үшін:

Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы

Мемлекеттік сатып алу

арқылы құжаттар қабылдауды сұраймын (керегінің астын сызу).

Міндетті гигиеналық құралдармен, кресло-арбалармен, санитариялық жабдықталған кресло-орындықпен қамтамасыз етуге өтініш беру кезінде:

салмағы ______ кг , бойы ______ см , жамбас көлемін__________ см, белінің көлемі _______ см көрсету;

кеуде қуысының протезімен (протездерімен):

кеуде айналымы _____ см., тостағанның өлшемі ____ (A – G) көрсету;

ортопедиялық аяқ киіммен, ортопедиялық аппараттарға (протездерге) арналған аяқ киіммен:

жазғы және/немесе қысқы және мөлшері көрсетілуі қамтамасыз етілсін.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

| Р/с № | Құжаттың атауы | Құжаттағы парақтардың саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, мүгедектігі бар

адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту құралдары мен қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу үшін қажетті ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

20____ жылғы "____" __________

__________________________________________________________________ (Өтініш берушінің (заңды өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы)

__________________________________________________________________

4) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – абоненттік нөмір) арқылы береді.

Проактивті қызмет арқылы рәсімдеу кезінде өтінішті ұсыну талап етілмейді.

"Естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметтерімен мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу" проактивті қызметін көрсету тәртібі осы Қағидалардың 2-тарауының 2-параграфында көзделген.

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы "Естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметтерімен мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеуі мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфында көзделген.

6. Қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің маманы өтініштерді " Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің кезегінің электрондық журналына (бұдан әрі – "Е-Собес" ААЖ) олардың түсу ретіне қарай тіркейді.

## 2-тарау. "Естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

### 1-параграф. Мемлекеттік корпорация, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері өтініш беру негізінде "Естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

7. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті алу үшін Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту бөліміне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінішпен және "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ұсынылатын мүгедектігі бар адамның жеке басын куәландыратын құжатпен не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) электрондық құжатпен жүгінеді.

8. Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің жауапты қызметкерлері өтінішті қабылдау кезінде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді алу үшін " Электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) мүгедектігі бар адамның жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша сұрау салуларды қалыптастырады.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке жоғарыда көрсетілген мәліметтерді қамтитын қағаз жеткізгіштегі құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

Ұсынылған түпнұсқалармен құжаттардың көшірмелері салыстырылғаннан кейін өтінішті қабылдаған жауапты қызметкер тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатқа немесе осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес берілетін талонға белгі қою арқылы куәландырады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

9. Құжаттарды тапсыру кезінде өтініш берушіге:

Мемлекеттік корпорацияда – тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат;

қалалық басқармада, жұмыспен қамту бөлімінде – тіркелген және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

10. Өтініш беруші осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе ) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқарманың бөлімшелері, жұмыспен қамту бөлімдері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

11. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттар сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді .

Мемлекеттік корпорацияның құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында

құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады. Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері туралы өтініш берушінің абоненттік нөміріне смс-хабарлама беру арқылы хабардар етеді.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін қалалық басқармаларға, жұмыспен қамту бөлімдеріне береді. Өтініш беруші бір ай өткен соң жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның, қалалық басқармалардың және жұмыспен қамту бөлімдерінің сұрау салуы бойынша дайын құжаттарды өтініш берушіге беру үшін бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

13. Қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

1) қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар бойынша қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері басшыларының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімдерінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, оны қалалық басқармалардың, жұмыспен қамту бөлімінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Қолма-қол да, почта арқылы да келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу болып табылады ( мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады).

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Жұмыспен қамту бөлімінің және Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей және әкімшілік іс шағымды қарайтын органға жіберіледі.

Бұл ретте жұмыспен қамту бөлімі және Мемлекеттік корпорация, егер шағым үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс .

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген кезде өтініш беруші Мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

**2-параграф. "Естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" проактивті мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

14. "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) сәйкес ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну жөніндегі іс-шараларды қамтитын АОЖБ " Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылғаннан кейін АОЖБ-ның деректері автоматты түрде "Е-Собес" ААЖ-ға беріледі және мүгедектігі бар адамның немесе оның заңды өкілінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) абоненттік нөміріне мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салумен смс-хабарлама жіберуге бастамашылық жасалады.

Көрсетілетін қызметті алушы смс-хабарлама арқылы тиісті кодпен проактивті қызмет көрсетуге келісімін немесе бас тартуын растайды.

15. Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін алған кезде осы қызметтерді ұсынуға оған құжаттардың рәсімделгенін растау туралы смс-хабарлама жіберіледі.

Проактивті қызмет арқылы ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеуге өтініш берген күн рәсімдеуге келісім алған күн болып саналады.

16. Көрсетілетін қызметті алушыдан жауап болмаған жағдайда, сұрау салу жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сұрау жойылады және көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігін көрсете отырып, ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

17. Көрсетілетін қызметті алушы проактивті қызмет көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-дан Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне жүгінудің себебі мен қажеттілігін көрсете отырып, ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды ресімдеудің мүмкін еместігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

18. Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін алған кезде қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің маманы "Е-Собес" ААЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушыны ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу жөнінде қабылданған шешім туралы Абоненттік нөмірге смс-хабарлама арқылы хабардар етеді.

19. Көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген смс-хабарлама осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша смс-хабарламалар электрондық журналында тіркеледі.

20. Проактивті қызмет арқылы ымдай тілі маманы қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін ақпараттық жүйелерге сұрау салулар "Е-Собес" ААЖ-дан автоматты түрде жүзеге асырылады.

**3-параграф. Веб-портал арқылы "Естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен мүгедектігі бар адамдарға қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

21. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне өтінішті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы жолдайды.

Өтінішті "электрондық үкімет" шлюзі арқылы берген кезде:

1) жеке басты куәландыратын құжат туралы не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат туралы;

2) мүгедектікті белгілеу туралы;

3) АОЖБ-да әзірленген іс-шаралар туралы мәліметтерді автоматты түрде қалыптастыру үшін мүгедектігі бар адамның жеке сәйкестендіру нөмірі сұратылады.

Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен пайдаланушының порталда тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен алады.

22. Қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жібереді.

23. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде өтініш қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы ( бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжатты қоса бере отырып, өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы мәртебе жібереді

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың топтамасы сәйкес келген жағдайда, қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі он жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, қорытындысы бойынша өтініш берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде қалалық басқарма, жұмыспен қамту бөлімі ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық

құжат нысанында оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

24. Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

25. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11-тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

**3-тарау. Ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну тәртібі**

26. Ымдау тілі маманының қызметтерін жылына алпыс сағаттан асырмай ұсыну портал немесе мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылады.

27. Ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету мүгедектігі бар адамның толық мемлекет қарамағында болу кезеңіне тоқтатыла тұрады.

**1-параграф. Ымдау тілі маманының қызметтерін портал арқылы ұсыну**

28. "Е-Собес" ААЖ-да тіркелгеннен кейін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтер көрсетуіне арналған өтініштер мүгедектігі бар адамның АОЖБ-сының деректері Заңның 32-3-бабының 3-тармағына сәйкес кезектілік тәртібімен "Е-Собес" ААЖ-дан порталға беріледі.

АОЖБ деректері жылына алпыс сағат есебінен ымдау тілі маманы көрсететін қызметтердің көлемін қамтиды.

Ымдау тілі маманының көрсетілетін қызметтерінің көлемін "Е-Собес" ААЖ-дан қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің мамандары порталға ағымдағы жылдың соңына дейін немесе мүгедектік кезеңі аяқталғанға дейін " Іс-шараларды жоспарлау" модулінің деректерін ескере отырып жібереді.

29. Мобильді азаматтар базасында өтініш берушінің абоненттік нөмірі туралы мәліметтер болған кезде, оның абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-дан порталда ымдау тілі маманы қызметтерін берушіні (бұдан әрі – Өнім беруші) авторизациялау және таңдау қажеттігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

30. Порталда өнім берушіні таңдауды өтініш беруші АОЖБ іс-шараларының порталға жіберілгені туралы хабарлаған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырады.

31. Алушы порталда ымдау тілі маманын таңдау кезінде қызмет көрсету форматын таңдайды: көзбе-көз (қызмет көрсету орнында ымдау тілі маманының

жеке қатысуы арқылы) немесе қашықтықтан (нақты уақыт режимінде (онлайн) ымдау тілі қызметтерін онлайн ұсынуға мүмкіндік беретін интернет-технологияларды пайдалана отырып).

32. Өтініш берушінің интернет-ресурсқа қолжетімділігі болмаған жағдайда, өтініш беруші Мемлекеттік корпорацияның, халықты жұмыспен қамту орталығының, қалалық басқарманың, жұмыспен қамту бөлімінің өзіне-өзі қызмет көрсету секторына жүгінеді.

33. Өтініш беруші өнім берушіні таңдау болмаған кезде АОЖБ деректері порталға берілген күннен бастап бір ай ішінде өтініш берушінің абоненттік нөміріне "Е-Собес" ААЖ-дан келесі ай ішінде порталда өнім берушіні таңдау қажеттігі туралы смс-хабарлама жіберіледі.

34. АОЖБ деректерін порталға берген күннен бастап екі ай өткен соң өтініш берушіде өнім берушіні таңдау мүмкіндігі бұғатталады және өтініш берушінің абоненттік нөміріне себебін көрсете отырып, өнім берушіні таңдау мүмкіндігін бұғаттау туралы смс-хабарлама жіберіледі. Порталда өнім берушіні таңдауды жаңарту үшін өтініш беруші порталдағы жеке кабинетте "өнім берушіні таңдауды іске қосу" батырмасын басады. Өнім берушіні таңдауды іске қосу туралы мәліметтер порталдан "Е-Собес" ААЖ-ға автоматты түрде беріледі, одан кейін өтініш беруші "Е-Собес" ААЖ-дағы кезектілікті ескере отырып, өнім берушіні порталда таңдайды.

35. Заңның 32-2-бабына сәйкес өнім берушіні таңдауды жүзеге асыру үшін өтініш беруші порталда авторизацияланады http://aleumet.egov.kz, жария шартқа ЭЦҚ арқылы қол қояды.

36. Өтініш беруші порталда "Мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы сатқан кезде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 14 бұйрығымен (бұдан әрі – 14 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19902 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ЭЦҚ-мен қол қойылған кепілдік берілген соманы өтеуге арналған өтінішке бір мезгілде қол қоя отырып, өнім берушіге ымдау тілі маманының қызметін ұсыну тапсырысын рәсімдейді және жібереді.

37. Өнім беруші тапсырыс түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде порталда қарайды және "пайдаланушының жеке кабинетіне" өнім берушінің ЭЦҚ қойылған ымдау тілі маманының қызметтерін көрсетуге тапсырысты қабылдау немесе төмендегі бас тарту себептерін көрсете отырып, бас тарту туралы хабарламаны жібереді:

өнім берушілер тізілімінен (тіркелімінен) алып тастауға өтініш берілді;

маманның (мамандардың) жүктемесі салдарынан қызмет көрсетудің мүмкін еместігі;

қызмет алушының тұрғылықты жерінде көрсетілмейді;

бұрын алушыға куәлардың жазбаша айғақтарымен расталатын маманның ( мамандардың) атына негізсіз қорлау және адами қадір-қасиетін қорлайтын айыптар себебінен қызмет көрсетуден бас тартылған;

форс-мажорлық жағдайларға байланысты қызмет көрсетудің мүмкін еместігі (төтенше жағдайлар, дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің басқа да мән-жайлары).

38. Өнім беруші қызмет көрсетілген күннен бастап порталдағы "өнім берушінің жеке кабинеті" модулінде көрсетілген қызметтерді есепке алу журналында ымдау тілі маманының көрсетілген қызметтерінің уақытын есепке алу үшін жазбалар жүргізеді.

Ымдау тілі маманының қызметін алатын мүгедектігі бар адамды қайта куәландыру (қайта куәландыру) кезінде өнім беруші АОЖБ-ны қайта куәландыру (қайта куәландыру) – жабу күніне дейін көрсетілген қызметтерді есепке алу журналына жазуды жүзеге асырады.

"Е-Собес" ААЖ АОЖБ әлеуметтік оңалту іс-шарасының орындалуы туралы деректер автоматты түрде толтырылады.

39. Ымдау тілі маманының қызметтері АОЖБ іс-шарасын іске асыру мерзіміне ұсынылады.

Алушы мынадай:

өнім беруші қызмет көрсетуге уақтылы кіріскен жоқ;

өнім беруші қызмет көрсету мерзімі мен уақытын жүйелі түрде бұзады;

өнім беруші тиісті емес сападағы қызметтерді көрсетті және өнім беруші кемшіліктерді белгілеген мерзімде жоймады;

өнім беруші тарапынан менің тарапыма адамның қадір-қасиетін қорлайтын бірнеше рет негізсіз қорлау және айыптау;

басқа тұрғылықты жерге көшу сияқты бас тарту себептерін көрсете отырып, өзі таңдаған өнім берушіден ымдау тілі маманының қызметтерін одан әрі көрсетуден бас тартады.

Өнім беруші мынадай:

форсмажорлық мән-жайлар (төтенше жағдайлар, дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің басқа да мән-жайлары) себебі бойынша қызмет көрсетудің мүмкін еместігі;

куәгерлердің жазбаша айғақтарымен расталатын, қызмет алушы немесе оның отбасы мүшелері тарапынан адамның қадір-қасиетін қорлайтын негізсіз қорлаулар мен айыптаулар;

қызметтер көрсетуге негіз болған нормативтік құқықтық актінің күшін жою сияқты бас тарту себептерін көрсете отырып, ымдау тілі маманының қызметтерін одан әрі ұсынудан бас тартады.

**2-параграф. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну тәртібі**

40. Ымдау тілі маманының қызметтерін сатып алу Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Заңның 32-1-бабының 3 -тармағында қарастырылған мынадай жағдайларда:

1) мүгедектігі бар адам тұратын елді мекенде сымды интернет болмаған жағдайда;

2) порталда тіркелген өнім берушінің болмауы;

3) мүгедектігі бар адамның портал арқылы ымдау тілі маманының қызметін сатып алудан бас тарту туралы өтініші болған жағдайларда жүзеге асырылады.

**3-параграф. Ымдау тілі маманының қызметтеріне ақы төлеу тәртібі**

41. Ымдау тілі маманының бір сағаттық қызметіне ақы төлеу Заңның 32-3-бабының 2-тармағына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңмен белгіленген 2,1 айлық есептік көрсеткіш есебінен, бірақ бір мүгедектігі бар адамға жылына алпыс сағаттан асырылмай жүзеге асырылады .

Ымдау тілі маманының жылына алпыс сағаттан артық әлеуметтік қызметтер көрсетуге жұмсаған уақытын мүгедектігі бар адам өз қаражаты есебінен төлейді.

42. Ымдау тілі маманының қызметтері үшін кепілдік берілген соманы өтеу № 14 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады.

43. Ымдау тілі маманының қызметтеріне ақы төлеу ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей өнім беруші ұсынған осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтер көрсету парағын (бұдан әрі – құжаттарды төлеуге арналған құжаттар) қоса бере отырып, " Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың ( көрсетілген қызметтердің) актісі негізінде жүргізіледі.

Өнім берушіге ақы төлеу мүгедектігі бар адам өнім берушінің тапсырысты қабылдағаны туралы хабарламасын алған күннен бастап нақты көрсетілген уақыт үшін жүзеге асырылады.

Өнім беруші мүгедектігі бар адам қайтыс болған жағдайда төлем құжаттарын қайтыс болған күннен бастап бір ай ішінде мүгедектігі бар адамның қолын қоймай ұсынады.

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес естуі бойынша
мүгедектігі бар адамдар үшін
ымдау тілі маманының
әлеуметтік қызметтерін
ұсыну қағидаларына
1-қосымша

**Ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсынуға медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер**

1. Ымдау тілінің машықтарын меңгерген мүгедектігі бар адамға ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсынуға:

1) керең-мылқаулық;

2) есту протезін қолдануға жарамсыз толық кереңдік;

3) есту протезін қолдануға жарамсыз IV дәрежедегі құлақ мүкістігі;

4) қимылдық афазия;

5) көмекейдің болмауы медициналық көрсетілімдер болып табылады.

2. Мамандандырылған медициналық ұйымдарда емделуді талап ететін мынадай аурулар:

1) бактерия тарататын туберкулез (БК+);

2) жұқпалы тері және шаш аурулары;

3) жыныс аурулары;

4) неврозды, невроз тәріздес жай-күйлерді, жеңіл дәрежедегі есуастықты, ұстамалары сирек (2-3 айда бір реттен аспайтын) түрлі этиологиядағы тырыспа синдромдарын қоспағанда, жарыместіксіз және жеке тұлғаның білініп бұзылуынсыз орны алатын психикалық бұзушылықтар мүгедектігі бар адамдарға ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсынуға медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады.

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес естуі бойынша
мүгедектігі бар адамдар үшін
ымдау тілі маманының
әлеуметтік қызметтерін
ұсыну қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы

органның басшысына

________________________

________________________

**Ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсынуға өтініш**

Тегі ______________________________________________________________

Аты ______________________________________________________________
_

Әкесінің аты (бар болса) ______________________________________________
_

Туған күні: ________________________________________________________

Мүгедектік ________________________________________________________
__

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _________________________

Құжат нөмірі: ______________________ кім берген: _____________________

Берілген күні: "____" ______________ ______ жылы

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____________________________________________

Тұрақты тұратын (тіркелген) жерінің мекенжайы

Облыс______________________________________________________________

қала (аудан) _______________________ ауыл: __________________________

көше (шағын аудан) __________________ -үй ______ -пәтер ___________

Телефон ___________________________________________

Ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметін (керегінің астын сызу, жазу) ұсыну үшін:

Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы

Мемлекеттік сатып алу арқылы құжаттар қабылдауды сұраймын.

(керегінің астын сызу)

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

| Р/с | Құжаттың атауы | Құжаттағы парақтар саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| | | | |

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, мүгедектігі бар адамды абитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту құралдары мен қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу үшін қажетті ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

20____ жылғы "____"___________

______________________________________________________________________
________

(Өтініш берушінің (заңды өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

________________________________________________________________________

(Өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы)

20____ жылғы "____" ___________

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

кесу сызығы

Азаматтың өтініші___________________________________ қабылданды.

Өтінішті қабылдау күні 20___жылғы "____"

_______________________________________________________________________

(Өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы)

Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидаларына
3-қосымша

| **"Естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі** | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);<br>2) Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының (бұдан әрі – қалалық басқармалар), аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО ( бұдан әрі – жұмыспен қамту бөлімдері); |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – абоненттік нөмір) – проактивті қызмет;<br>4) www. egov. kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1) Мемлекеттік корпорацияға, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдеріне жүгінген кезде – құжаттар топтамасы тіркелген күннен бастап он жұмыс күні;<br>проактивті қызмет көрсетілген кезде – келісім түскен күннен бастап он жұмыс күні. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады;<br>2) Мемлекеттік корпорацияда құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдерінде – 30 минут;<br>3) Мемлекеттік корпорацияда өтініш берушіге қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут, қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдерінде – 30 минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Қағаз түрінде/проактивті/ электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Мүгедектігі бар адамдарға ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсынуға құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама.<br>Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөміріне смс-хабарлама жіберу арқылы қабылданған шешім туралы өтініш берушіні хабардар етеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің " жеке кабинетіне" жіберіледі. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде өтініш берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00 -ге дейін. Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз, электрондық кезек тәртібімен жүзеге асырылады, электрондық кезекті веб-порталы арқылы броньдауға болады; 2) қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сағат 13.00 -ден 14.00, 14.30, 15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00, 18.30, 19.00-ге дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады; Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезектілік тәртібінде көрсетіледі.<br>3) веб-порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Мемлекеттік корпорацияда, қалалық басқармаларда және жұмыспен қамту бөлімдерінде:<br>1) мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсынуға өтініш (бұдан әрі – Қағидалар);<br>2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат ( сәйкестендіру үшін); 3) мүгедектігі бар адамнан сенімхат алған адам жүгінген жағдайда, нотариалды куәландыруды талап етпейтін мүгедектігі бар адамнан сенімхат. Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын, мүгедектігі туралы, тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған АОЖБ-ның әзірленген іс-шаралары туралы мәліметтерді қалалық басқармалар , жұмыспен қамту бөлімдері, Мемлекеттік корпорация уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.<br>Веб-порталға: өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық сұрау салу. |
| | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген | 1) мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігі белгілену;<br>2) өтініш берушінің және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер | деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары келесі интернет-ресурстарда орналастырылған:<br>1. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган – www. enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бөлімі;<br>2. Мемлекеттік корпорацияның – www.gov4c.kz.<br>Өтініш берушінің жұмыспен қамту бөлімдерінің анықтамалық қызметтері, "1414" Бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 7777 арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін ЭЦҚ немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.<br>Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, көрсетілетін қызметті беруші Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін ұсыну қағидалары бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | ақпаратты өзекті етеді және Бірыңғай байланыс орталығына жолдады. |

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес естуі бойынша
мүгедектігі бар адамдар
үшін ымдау тілі маманының
әлеуметтік қызметтерін
ұсыну қағидаларына
4-қосымша

Нысан

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып,

__________________________________________________________________________

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының № _ _ бөлімі

(мекенжайын көрсету) / республикалық маңызы бар, астананың, аудандардың және

облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы)

Сіздің "Естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды, атап айтқанда: жоқ құжаттардың/қолдану мерзімі өткен құжаттардың атауы:

1) _____________________;

2) __________________________;

3) ____________________.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден екі данада жасалды.

__________________________________________________________________________

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының № _ _ бөлімі

(мекенжайын көрсету)/ республикалық маңызы бар, астананың, аудандардың және

облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы орган қызметкерінің тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Алдым: ____________________________________________________________
_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (қолы) (бар болса)

20___ жылғы "___" ___________

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес естуі бойынша
мүгедектігі бар адамдар үшін
ымдау тілі маманының
әлеуметтік қызметтерін
ұсыну қағидаларына
5-қосымша

Нысан

**Хабарлама**

Тегі ________________________________________________________________
_

Аты ________________________________________________________________
_

Әкесінің аты (бар болса) _______________________________________________

Құжаттың нөмірі: ________________________ кім берген: _________________
__

Жеке сәйкестендіру нөмірі: ___________________________________________

Тұрақты тұратын (тіркелген) жерінің мекенжайы:

Облыс ____________________________________________________________

Қала (аудан) _________________ ауыл: ____________________________________
_

Көше (шағын аудан) _________________ -үй ______________ -пәтер _________
_

Мыналарды:

______________________________________________________________________
___

______________________________________________________________________
___

Жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсетуге құжаттарды рәсімдеу туралы хабардар етеміз.

Өтініш қабылданды және "Е-Собес" ААЖ кезегінің электрондық журналында 20__ жылғы "__" _____ № _ нөмірімен тіркелді.

Әлеуметтік қызметтер порталында өнім берушіні таңдау мүмкіндігі туралы ( aleumet.egov.kz) мобильді азаматтар базасында тіркелген Сіздің абоненттік нөміріңізге смс-хабарлама жіберілетін болады.

Мемлекеттік органның басшысы ___________________________________

(тегі, аты, әкесінің (бар болса)

20___ жылғы "___" ____________

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес естуі бойынша
мүгедектігі бар адамдар үшін
ымдау тілі маманының
әлеуметтік қызметтерін
ұсыну қағидаларына
6-қосымша

Нысан

**Смс-хабарлама журналы _______________________________________________________ ________________ (протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, міндетті гигиеналық құралдар, жеке көмекшінің қызметтері, ымдау тілі маманының қызметтері, санаторий-курорттық емдеу, кресло-арбалар)**

| Р/с № | Жеке сәйкестендіру нөмірі | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Туған күні | Іс № |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

кестенің жалғасы

| Протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар,тифлотехникалық құралдар, міндетті гигиеналық құралдар, жеке көмекшінің қызметтері, ымдау тілі маманының қызметтері, санаторий-курорттық емделу, кресло-арбалар | Хабарламаның сипаты/жауаптың коды | Смс-хабарлама жіберілген кезең | Телефон № | Маман |
|---|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | |

Мүгедектігі бар адамды
абилитациялаудың және
оңалтудың жеке бағдарламасына
сәйкес естуі бойынша
мүгедектігі бар адамдар үшін
ымдау тілі маманының

әлеуметтік қызметтерін
ұсыну қағидаларына
7-қосымша

Нысан

**Ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін көрсету парағы _________________ ____________________________________________ Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), телефоны мекен-жайы бойынша тұратын __________ 20___ жылғы____________ айы үшін**

| Р/с № | Күні | Сағат саны | Көрсету тәсілі (онлайн / офлайн) |
|---|---|---|---|
| | | | |

Ымдау тілі маманының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы /ЭЦҚ

_____________________________________________________________________

Өтініш берушінің қолы/ЭЦҚ (қайтыс болған жағдайда талап етілмейді)

20___ жылғы "____" ____________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК